



SARQAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №23 (95128) 13 маусым 2025 ж.

Мемлекет басшыларының кездесуі



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Словакия Премьер-министрі Роберт Фицо БАҚ өкілдері алдында сөз сөйледі. Президент ең алдымен, Словакия Республикасының Премьер-министрі Роберт Фицоға және барша делегация мүшелеріне ілтипат білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Роберт Фицомен жүргізген мазмұнды келіссөз барысында қазақ-словак ынтымақтастығының аясын кеңейту мәселесі талқыланып және нақты уағдаластықтарға қол жеткізілгенін атап өтті.

– Екі ел арасында ешқандай түсініспеушілік жоқ, кең ауқымды ынтымақтастыққа – жол ашық. Себебі, Қазақстан мен Словакияның сан қырлы байланысын күшейту қос халықтың мүддесіне сай келеді. Словакия – экономика тұрғысынан алып қарасақ, қарқынды дамып келе жатқан ел. Сондықтан Қазақстан Словакиямен қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға баса мән бермек. Біз сауда-саттық көлемін одан әрі арттыру мәселесіне тоқталдық. Инвестициялық ықпалдастықты тереңдетуге назар аудардық. Бұл тұрғыдан алғанда Үкіметаралық комиссия маңызды рөл атқарып келеді. Мен Комиссияның тең төрағаларының деңгейін министр дәрежесіне көтеруді ұсындым. Қазақстан Словакияға мұнай-газ, уран, азық-түлік өнімдерін және басқа да тауарларын экспорттауға дайын. Сондай-ақ энергетика, машина жасау, ауыл шаруашылығы, цифрландыру, туризм саласында бірлескен жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Әскери-техникалық байланыстың әлеуеті зор. Бұған қоса, біз келіссөздер барысында Транскаспий халықаралық көлік дәлізінің әлеуетін бірге пайдалану жайын талқыладық. Бұл – стратегиялық маңызы бар сауда жолының бірі. Мен словакиялық серіктестерімізді осы дәлізді дамыту жобасына қатысуға шақырдым. Бұл саладағы ықпалдастық өзара сауда-саттыққа тың серпін беруге тиіс, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, еліміз Словакияның су ресурстарын басқару ісіндегі озық тәжірибесін зерделеп, бірлесе жұмыс істеуге дайын.

Президент бүгінгі келіссөзде халықаралық және аймақтық мәселелерге де назар аударылғанын жеткізді.

Өз кезегінде Словакия Премьер-министрі сапар барысында екіжақты қатынастардың барлық саласы талқыланып, келіссөздер қорытындысын жоғары бағалады.

– Біз алға қарай үлкен қадам бастық. Бүгінгі уағдаластықтар қол қойылған тиісті келісімшарттар мен өзара тиімді ынтымақтастықта айқын көрініс табады деп ойлаймын, – деді Роберт Фицо.



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ БОЛГАРИЯ ПРЕЗИДЕНТІ РУМЕН РАДЕВПЕН КЕЗДЕСУІ

Президент БАҚ өкілдері алдында ең алдымен шақыруын қабыл алып Қазақстанға алғаш рет ресми сапармен келгені үшін Румен Радевке шынайы ризашылығын жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, елімізде тату-тәтті өмір сүріп жатқан түрлі этностар қатарында болгар ұлтының өкілдері де бар. Осы ерекше байланыс халықтарымыз арасындағы ынтымақтастықты арттыра түседі.

Президент қос мемлекеттің халықаралық ұйымдар аясындағы ықпалдастығы да кеңейіп келе жатқанына тоқталды. Жан-жақты әрі сенімді серіктестік алдағы уақытта да беки бермек.

Мемлекет басшысы бүгінгі келіссөз мазмұнды болғанына, нақты уағдаластықтарға қол жеткізілгеніне мән берді.

– Атап айтқанда, сауда-экономика және инвестиция саласындағы байланыстың ауқымын кеңейтуге баса назар аудардық. Екі ел арасындағы алыс-беріс өсіп жатыр, бұл – жақсы үдеріс. Елімізде 60-қа жуық болгар компаниясы бар. Олар түрлі салада табысты жұмыс істеп жатыр. Дегенмен елдеріміздің экономикалық әлеуеті бұдан әлдеқайда жоғары. Сондықтан бұл көрсеткішті ұлғайта түсуге мол мүмкіндік бар. Біз өзара сауда-саттық көлемін арттыра түсуге келістік. Қос мемлекеттің мүддесіне сай келетін жаңа инвестициялық жобаларды пысықтауға уағдаластық. Әсіресе, мұнай-газ, жаңартылатын энергия, «жасыл» энергетика, атом өнеркәсібі, цифрландыру, инновация, жасанды интеллект, ғарыш саласы, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, мәдени-гуманитарлық байланыстар және туризм сияқты салаларда бірлескен жобаларды жүзеге асыру маңызды екенін атап өттік, – деді Президент.

Сондай-ақ көлік-логистика секторындағы байланысты дамыту мәселесіне назар аударылды. Тараптар бүгінде стратегиялық сауда жолының біріне айналған Транскаспий халықаралық көлік дәлізі жобасына Болгарияның «Бургас» және «Варна» теңіз порттарын қосу мәселесін қарастыруға келісті.

Мемлекет басшысы мәдени-гуманитарлық, білім беру және өңіраралық байланыс саласындағы ынтымақтастықты дамытуға уағдаласқанын жеткізді. 2018 жылы София қаласында Астана көшесі пайда болды. Енді жақын арада елордада София атты көше ашылмақ. Президенттің айтуынша, жалпы, келіссөздер табысты өтті деуге толық негіз бар. Бірқатар маңызды құжатқа қол қойылды. Жасалған келісімдер нәтижесінде екі елдің ынтымақтастығы жаңа деңгейге көтерілмек.

Қасым-Жомарт Тоқаев Румен Радевпен аймақтық және жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді де талқылағанын айтты.

Өз кезегінде Румен Радев тараптар қызығушылық танытатын барлық сала бойынша екіжақты қарым-қатынасқа салмақты талдау жасалғанын атап өтті.

ЖЕТІСУ
ОБЛЫСЫНА
ЖЫЛ

ҮШ ЖЫЛДЫҚ АЯСЫНДА ТАҒЫ 3 ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАН АШЫЛДЫ

Жетісу облысының құрылғанына 3 жыл толуына орай тағы 3 әлеуметтік нысан іске қосылды. Атап айтқанда, Алакөл ауданында өңірдегі үшінші Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы, Қаратал ауданында мәдениет үйі мен теннис орталығы ашылды, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Еске салсақ, алғашқы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы өткен жылы Талдықорған қаласында, кейін Сарқан ауданында пайдалануға берілген еді. Енді осындай маңызды әлеуметтік жоба Алакөл ауданы Үшарал қаласында ашылып отыр. Бұл аудандағы 2200 зейнеткер үшін қуанышты жаңалық болды.

– Орталық қарт адамдарды мәдени, шығармашылық, спорттық және іскерлік өмірге әлеуметтендіру, олардың физикалық және психикалық денсаулығын жақсарту мақсатында іске асырылып отыр. Екі қабатты ғимараттың 1-қабатында мәжіліс залы, ас бөлме, тренажер залы орналасса, 2-қабатта дәрігер мен массажистің кабинеті, үстел ойындары мен тренажер залы, би, йога залы, ән және вокал кабинеті, тігін залы бар. Мұнда терапевт, массажист, йога мен көркем гимнастика нұсқаушылары, компьютерлік сауаттылық, ағылшын тілі, музыка және бейнелеу өнері үйірмелерінің жетекшілері жұмыс істейді. Орталықта жалпы саны 7 жаңа жұмыс орны ашылды, – дейді нысан директоры Алмат Садиев.

Орталықтың ашылуына орай жергілікті ардагерлер де өз ризашылықтарын білдірді. Сол сияқты осы

күні Қаратал ауданының екі ауылында бірдей жаңа нысан іске қосылды. Атап айтқанда Айту би ауылдық округіне қарасты Көкпекті ауылында мәдениет үйі есігін айқара ашты. Көкпекті ауылы аудан орталығынан 18 км қашықтықта орналасқан.

Округте 1400-тен астам адам тұрады, соның 116-сы – жастар.

Нысанның жалпы алаңы 674 шаршы метрден асады. Бір қабатты мәдениет үйінде 250 орынды көрермен залы, сахна, сол сияқты домбыра, би, ән үйірмелеріне арналған кабинеттер бар. Мұнда 7 тұрақты жұмыс орны ашылған.

Атап өтсек, соңғы жылдарда Қаратал ауданында Ескелді, Жаңаталап, Көлпе ауылдарында мәдениет үйлері салынып, қолданысқа берілсе, биыл Алмалы,



Тастөбе, Көпбірлік ауылдарында клубтар бой көтеруде.

Ал демеушілердің көмегімен тұрғызылған, ішінде қосымша бокс залы бар үстел теннис орталығы Көлпе ауылында іске қосылды. Нысанда екі негізгі зал бар, біреуіне теннис үстелдері қойылса, екіншісі боксқа арнап жабдықталған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жетісу облысының құрылғанына үш жыл толуына орай өңірде жаңа су электр станциясы пайдалануға берілді. Қора өзенінде салынған бұл ГЭС – өңірдегі жаңартылған энергия көздерінің 18-ші нысаны. Жаңа ГЭС-тің жылдық қуаты 26 МВт, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖАҢАРТЫЛҒАН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНІҢ ОН СЕГІЗІНШІ НЫСАНЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Ескелді ауданының Қора өзеніндегі ГЭС-3 нысанын іске қосу салтанатында алдымен станция құрылысы туралы фильм көрсетіліп, ҚР Энергетика министрінің орынбасары Сұңғат Есімхановтың бейнеқұттықтауы берілді. Сондай-ақ іс-шараға қатысқан облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов облыстың құрылғанына 3 жыл толуына және жаңа нысанның ашылуына орай құттықтау тілегін білдірді:

- Қора өзеніндегі ГЭС-3 нысанын пайдалануға беру – Қазақстанның энергетика саласын дамытудағы ауқымды стратегияның бір бөлігі. Жалпы гидроэнергетика елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарып, парниктік газдар шығарындыларын азайтуға қол жеткізуге ықпал етеді. Сондықтан бұл нысан – сенімді энергия көзі ғана емес, сонымен қатар экологияны сақтауға деген маңызды қадам. Қора өзеніндегі ГЭС-3 жобасы инфрақұрылымды дамытуға және жергілікті халықтың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді деп сенеміз. Су электр станциясының жұмысы жемісті болып, өңіріміздің дамуына үлес қосуына тілектеспін, - деді Ә. Қанағатов.

Өз кезегінде жобаны жүзеге асырушы «Қора ГЭС-2» ЖШС-ның директоры М.Тукенов пен құрылтайшысы «АСПМК-519» ЖШС бас директоры А. Сыров сөз сөйлеп, атқарушы орган мен бизнестің әріптестігі, кәсіпкерлік саласына көрсетіліп отырған қолдаулар жайлы айтып, энергетика саласын дамытуға әрдайым дайын екендіктерін жеткізді. Сондай-ақ А. Сычев: «Облыстың 3 жылдығына сый ретінде бүгін Құрбан айт мерекесінде Текелі қаласындағы саябақты реконструкциядан өткізуге 50 млн. теңге бөлетінімізді жеткізім келеді. Біз бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін естен шығармаймыз», - деді ол.

Мұнан соң қызыл тетік басылып, ГЭС символдық түрде іске қосылды. Ресми қонақтар ГЭС-тің жұмыс процесімен танысып, ішін аралап көрді.

ГЭС бастығы Илияс Хамитовтің айтуынша, жобаға 10,5 млрд. теңге жеке инвестиция тартылып, 21 тұрақты жұмыс орны құрылды.

-Бұл станцияда мамандар тәулік бойы екі ауысыммен жұмыс істейді. Жұмыс негізінен автоматтандырылған. Мамандар тек қондырғылардың жұмысын бақылап отырады. Станцияда Австрияда жасалған гидроагрегат қондырғылары орнатылған. Қазіргі кезде австриялық мамандар екі жылдық сервистік қызмет аясында қондырғылардың дұрыс жұмыс жасауын қашықтан қадағалап отыр. Ары қарай өзіміздің мамандар жұмысты толықтай өздері жүргізеді. Жалпы бұл ГЭС электр энергиясына жыл сайын артып келе жатқан қажеттілікті қамтамасыз етуге, электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен сапасын арттыруға, экологиялық жағдайды жақсартуға, сол сияқты жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы халықтың әл-ауқатын көтеруге ықпал етеді, - дейді ГЭС бастығы.

Қазіргі кезде облыста Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Сарқан аудандары мен Текелі қаласында белгіленген қуаттылығы 225,4 МВт болатын жалпы саны 17 жаңартылған энергия көздері (ЖЭК) нысаны жұмыс істейді. Бүгінгі ашылған станция – өңірдегі 18-ші ГЭС. Жыл соңына дейін белгіленген қуаттылығы 20,6 МВт болатын, жалпы құны 10,4 млрд. теңгелік 2 су электр станциясының жобасын аяқтау жоспарлануда.

Атап өтсек, жыл басынан бері Жетісу облысында өндірілген электр энергиясы 247,3 млн. кВт/сағ, оның ішінде ЖЭК үлесі – 191,8 млн.кВт / сағ, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 16%-ға артық.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



«J-LEAGUE» ЖОБАСЫ АЯСЫНҒА ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНҒА ФУТБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ АҚТЫҚ КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ

Жетісу облысының «J-LEAGUE» жобасы аясында жасөспірімдер арасында футболдан «Былғары доп» ойындарының ақтық кезеңі басталды. Талдықорғандағы «Жетісу» стадионында жарыстың ашылу салтанатына облыс әкімі Бейбіт Исабаев қатысып, жас спортшыларға сәттілік тіледі, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыс әкімі өз сөзінде

«J-LEAGUE» жобасының бұқаралық спортты дамытудағы іргелі жобалардың бірі екенін, әсіресе ауыл балаларын қолдауға, спортқа бейімдеуге басымдық беріліп отырғанын атап өтті. Сол сияқты жетісулық жас футболшылардың жуырда ел чемпионы атанғанын қуанышпен жеткізді:

- Бір атап өтерлігі, күні кеше ғана 2010 жылғы жасөспірімдер арасында футболдан өткен республика чемпионатында жетісулық жас спортшылар Қазақстан чемпионы атанды. Бұл – біз үшін үлкен мақтаныш! Спорт – адамды табандылық пен тәртіпке үйрететін тәрбиеші, денсаулықтың кепілі. Сондықтан жасөспірімдердің осындай жарыстар арқылы бұқаралық спорт түрлеріне көптеп тартылуы, салауатты өмір салтын ұстануға деген талпынысы бізді ерекше қуантады. Құрметті жас спортшылар! Бұл жарыс – сіздердің спорт жолындағы алғашқы белестеріңіздің бірі. Әр ойында қай-қайсыларыңыз да табандылық танытып, командалық мығым рухпен жеңіске қадам жасайсыздар деп сенемін, - деді Б. Исабаев.

Сонымен қатар Қазақстан футбол федерациясының Өңірлік байланыстар департаментінің директоры Марат Такенов және қоғам белсендісі, спорт жанашыры Виктор Буков та сөз алып, жас спортшыларға ізгі тілектерін жеткізді.

Мұнан соң аудандық, қалалық футбол федерация президенттеріне жасөспірімдердің жергілікті, соның ішінде ауылдық футбол командалары үшін 2000 доп таратылды.

Бұдан әрі Жетісу облысының «J-LEAGUE» жобасы аясында жасөспірімдер арасындағы футбол жарысы «Болашақ» стадионында басталды.

Атап өтсек, «J-LEAGUE» жобасы - Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бұқаралық спортты дамыту туралы Ұлттық құрылтайда берілген тапсырмасына сәйкес Жетісу өңірінде қолға алынған игі бастама. Шараның басты мақсаты – жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, экстремизм мен терроризмнің, нашақорлықтың, алкоголизмнің алдын алу, балалардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, жеңіске деген жігерін ояту, тәжірибе жинауына мүмкіндік жасау, демалысын тиімді ұйымдастыру.

Жоба аясында биыл жасөспірімдер арасында футболдан «Былғары доп», волейболдан «Шұбар доп», баскетболдан «Алтын доп» жарыстарын өткізу қолға алынған болатын. 19 сәуір мен 18 мамыр аралығында спорттың аталған түрлерінен аудан-қалаларда іріктеу турнирлері өтіп, оған 887 команда, яғни 8870 бала қатысқан. Соның ішінде бүгінгі «J-лига» футбол жарысының ақтық сынына 90 үздік команда, 900-ге жуық жас спортшы жолдама алды. Енді жас футболистер арасындағы ақтық жарыс 14 маусымға дейін жалғасады.

Атап өтсек, 3 жас ерекшелігі бойынша жеңімпаз атанған 9 команданың ойыншыларына, яғни 90 балаға жазғы демалыс лагерьлеріне тегін жолдама беріліп, спорттық киімдер мен доптар сыйға тартылады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



ПРОВЕЛ ПРИЕМ ГРАЖДАН ПО ЛИЧНЫМ ВОПРОСАМ

Аким области Бейбит Исабаев провел прием граждан по личным вопросам, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

На прием записались 3 человека. Все они поднимали вопросы, связанные с жилищными проблемами и оказанием социальной помощи.

Жительница Талдықорғана Аюканбы Егизовой, представляющей интересы Маймуны Садреевой, в прошлом году вставшей в очереди на жилье, были даны разъяснения жилищного законодательства согласно которому жилье из государственного жилфонда представляется только в порядке очереди.

Талдықорғанцу Ернуру Жукену и его сестрам, оставшимися сиротами после взрыва газа в жилом доме, за счет спонсоров будет оказана дополнительная материальная помощь для закрытия ипотечного кредита, взятого на покупку трехкомнатной квартиры. На постоянный контроль ситуацию поручено взять руководителям управлений здравоохранения, образования, координации занятости и социальных программ в целях оказания необходимой социальной помощи.

Жительница Алакольского района Лязат Ерможанова обратилась с вопросами касательно определения отдельной категории «Участники декабрьских событий» в жилищном законодательстве, а также оказания социальной поддержки.

Как отметил аким области, вопрос внесения изменений в жилищное законодательство не входит в компетенцию местных исполнительных органов. Между тем акимат готов выступить с данным предложением, обратившись в Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства. Что касается оказания социальной поддержки, то ежегодно из областного бюджета выделяются средства на выплату единовременной материальной помощи участникам декабрьских событий, а также на санаторно-курортное лечение. Что касается открытия аллеи памяти в Алакольском районе, то данный вопрос будет рассмотрен акиматом района. К слову, на территории области имеется 4 архитектурных сооружения, посвященных декабрьским событиям. Это памятники в с.Жансугуров Аксуского и г.Жаркент Панфиловского районов, стелла в г.Ушарал Алакольского района и монумент «Желтоқсан желі ызғарлы» в городе Талдықорған, открытый в прошлом году.

Пресс-служба акима области Жетісу.



Жасыл болашаққа қадам: ТАЛДЫҚОРҒАНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



Талдықорғанда «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ерекше форматтағы шара – «Табиғаттан эко-сыйлықтар» экологиялық акциясы өтті.

Іс-шараның басты ерекшелігі – қатысушыларға ұсынылған ерекше эко-сыйлықтар. «Посади своё будущее!» деген мағыналы ұранмен берілген конверттердің ішінде өсімдік тұқымдары салынған. Бұл — жай

ғана тұқым емес, әр адамның табиғатқа жасаған нақты қамқорлық әрекетінің бастауы. Қатысушылар сол тұқымдарды өз үйлерінің ауласында немесе қоғамдық жерлерде отырғызып, табиғатпен тікелей байланыс орнатты.

Акция барысында Жетісу облысы Жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары Арнай Рақымберліұлы шараның мән-маңынына тоқталды.

- Бүгін біз «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында өтіп жатқан ерекше форматтағы «Табиғаттан эко-сыйлықтар» атты маңызды шарада бас қосып отырмыз. Бұл шара - жай ғана экологиялық акция емес. Бұл - болашақ ұрпақ үшін, табиғатты аялау мен оны сақтауға деген ортақ жауапкершілігімізді сезінудің, сонымен қатар экологиялық мәдениетті күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналдырудың нақты қадамы, - деді ол.

Бұл шара арқылы Талдықорған жастары табиғатқа жанашырлық танытып қана қоймай, қоғамға экологиялық тәрбие берудің жарқын үлгісін көрсетті.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Мемлекеттік қызмет пен көшбасшылықтың жаңа белесі

Президенттік жастар кадр резерві – Мемлекет басшысының тікелей бастамасымен қолға алынған, мемлекеттік басқару жүйесіне білікті де білімді жас мамандарды тартуға бағытталған бірегей жоба. Осы уақытқа дейін өткізілген үш іріктеу барысында 60 мыңнан астам үміткер бақ сынап, олардың арасынан 400 жас маман резервке алынды. Қазіргі таңда солардың 80%-ы мемлекеттік органдар мен ұйымдарда табысты қызмет атқарып жүр. Бұл – жобаның тиімділігі мен оның нақты нәтижесін айқындайтын көрсеткіш.

2025 жылдың 1 маусымынан бастап елімізде Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеу басталды. Бұл – мемлекетіміздің болашағына бейжай қарамайтын, жаңаша ойлайтын, бастамашыл жастар үшін үлкен мүмкіндік. Іріктеуге қатысуға ниетті азаматтар 30

маусымға дейін pkrezerv.gov.kz сайты арқылы өтініш бере алады.

Биыл өткізілетін төртінші іріктеудің басты ерекшелігі – әрбір кезеңде салалық бағыттар бойынша пропорционалды іріктеу қағидатын сақтау. Яғни, үміткерлер тіркеу кезінде қай салада еңбек еткісі келетінін нақты көрсетіп, сол бағыт бойынша ғана сынақтан өтеді. Бұл – кадр резервінің құрылымын теңгерімді түрде қалыптастырып, әр салада білікті мамандардың лайықты өкілдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Іріктеу алты кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – құжаттарды қабылдау. Ол 1 маусымнан бастап онлайн жүйеде жүзеге асады. Екінші кезеңде үміткерлердің мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті бағаланады. Ең жоғары балл жинаған үміткерлер келесі кезеңге өтеді. Үшінші кезеңде кандидаттар эссе жаза

отырып, нақты проблемалар бойынша өз ұсыныстарын ұсынады. Төртінші кезең – құзыреттерді бағалау, ол ассессмент-орталық пен сұхбат форматында өтеді. Мұнда көшбасшылық, мәселені шешу, проактивтілік сияқты маңызды дағдылар тексеріледі. Бесінші кезеңде үміткерлер сарапшылар комиссиясының алдында әңгімелесуден өтеді, ал соңғы алтыншы кезеңде Ұлттық комиссия 50 үздік кандидаттың есімін бекітеді.

Іріктеуге жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі мен кемінде 5 жыл еңбек өтілі бар, қазақ тілін В1 деңгейінен төмен емес меңгерген Қазақстан азаматтары қатыса алады. Алайда, бұл жобаға Президенттің өзі тағайындаған тұлғалар, саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері және қазіргі резерв мүшелері қатыса алмайды. Президенттік жастар кадр резерві

бұл – ел дамуына нақты үлес қосуға дайын жастарға берілетін сенім мен жауапкершілік. Осы бастаманың арқасында мемлекеттік басқару саласында жаңа форматтағы, бәсекеге қабілетті жас буын қалыптасып келеді. Алдағы жылдарда да бұл үрдіс жалғасып, еліміздің әр салада жаңаруына серпін береді деп сенеміз.

Мемлекеттік қызметке елге адал еңбек етуді мақсат тұтқан, жаңашыл идеяларымен бөлісуге дайын жастар үшін бұл – теңдессіз мүмкіндік. Сондықтан, көшбасшылар қатарына қосылуды қалайтын әрбір жасты осы мүмкіндікті пайдалана Президенттік жастар кадр резервіне іріктеуге қатысуға шақырамын. Барлық қажетті ақпарат pkrezerv.gov.kz сайтында қолжетімді.

Қобылан МАНАП,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

EGOV.KZ – халық пен билік арасындағы цифрлық көпір

Мемлекеттік қызметкер ретінде, менің басты мақсатым – халыққа сапалы әрі қолжетімді қызмет көрсету. Қазіргі заманда бұл міндетті тиімді атқаруға көмектесетін басты құрал – eGov.kz электронды үкімет порталы.

Бұл портал – азаматтарға мемлекеттік қызметтерді оңай әрі жылдам алуға мүмкіндік беретін цифрлық алаң. Қағазбастылық пен ұзын-сонар кезектердің орнына – бірнеше минут ішінде онлайн түрде қызмет алу мүмкіндігі бар.

eGov.kz порталы арқылы азаматтар:

- Жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтама;
- Сотталғандығы болуы не болмауы туралы анықтама;
- АӘК алушыларға өтініш берушінің тиесілігін растайтын анықтама;
- Наркологиялық ұйымнан анықтама;
- Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- Туберкулезге қарсы ұйымнан анықтама;
- Зейнетақы аударымдары туралы анықтама;
- ЭЦҚ кілт ашу;
- Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға бекіту;
- Неке қиюды тіркеу туралы актілік жазба жоқ;

● Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары;

● Тұрғылықты жері бойынша тіркеле алады.

Бұл – тек ыңғайлы ғана емес, сонымен қатар уақытты үнемдейтін, ашықтықты қамтамасыз ететін, адами факторды азайтатын жүйе.

Біз – мемлекеттік қызметшілер – осы цифрлық мүмкіндіктерді халыққа дұрыс түсіндіру, көмектесу және қолдау арқылы ел мен азаматтың арасын жақындатып келеміз.

eGov.kz – бұл тек портал емес, бұл – жаңа заманның талабы мен халыққа деген құрметтің көрінісі.

Г.СЕЙТХАНОВА,
Қарабөгет ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

● Заң және тәртіп

Азаматтар мен заңды адамдардың өтініш беру механизмін түсіндіру құқықтарды, сондай-ақ тәртіпті қорғау үшін

Прокуратура органдарына өтініштер келесі жолдармен беріледі:

- әдейі;
- пошта қызметі арқылы;
- электрондық үкімет порталы арқылы (электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған кезде);
- «e-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы.

Осыған байланысты, өтінішті тіркеу және қарау үшін оны жоғарыда аталған әдістердің бірімен прокуратура органдарына беру қажет.

Прокуратура органдарындағы өтініштерді қарау тәртібі «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 24-бабында, атап айтқанда:

- адам мен азаматтың, егер олар физиологиялық ерекшеліктеріне, психикасының бұзылуына және басқа да мән-жайларға байланысты өз құқықтарын, көмелетке толмағандардың, сондай-ақ адамдардың шексіз шеңберін өз бетінше қорғай алмаса, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;
- адамның және азаматтың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен

заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге, егер бұл мүдделерді қорғауды құзыретіне тиісті өкілеттіктер кіретін уәкілетті орган тиісті түрде қамтамасыз етпесе немесе мұндай құқықтар болмаған жағдайда;

- жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысанына қарамастан басқа да ұйымдар араласқан жағдайларда олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;

- Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына және ұлттық қауіпсіздігіне төнген қауіпті болдырмау мақсатында;

- жойылмауы адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқтыратын заң бұзушылық фактілері бойынша;

- Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша;

- Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша.

Өтінішті қарау мерзімі 15 жұмыс күнін

құрайды.

Нақты мән-жайлар анықталған жағдайда, өтінішті дұрыс шешу, басқа мемлекеттік органдардан, меншік нысанына қарамастан мекемелерден, ұйымдардан ақпарат алу үшін шағымды қарау мерзімі басшының дәлелді шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін (2 айдан аспауы тиіс). Өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы өтініш берушіге мерзім ұзартылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде хабарланады.

Прокурордың әрекетіне (әрекетсіздігіне) және актілеріне осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жоғары тұрған прокурорға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Сот немесе жоғары тұрған прокурор прокурордың актілеріне немесе оның әрекеттеріне шағым бойынша шешім қабылдаған дейін олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы. Жоғары тұрған прокурор жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шағымы бойынша не өз бастамасы бойынша төмен тұрған прокурордың актілерінің күшін жоюға, тоқтата тұруға немесе өзгертуге құқылы.

Т.МОЛДАХАНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің өтініштерді талдау және бақылау бөлімінің бастығы, әділет кеңесшісі.

Мемлекеттік қызметте сыбайласқа жол жоқ



жемқорлықпен күрес - тек мемлекеттік органдардың емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Біз пара ұсынбасақ - олар алмайды. Біз адал болсақ - жүйе де өзгереді. Бұл жолда әр азаматтың үнсіздігі емес, белсенділігі маңызды.

Аталған факторларды болдырмау үшін және алдын-алу мақсатында Сарқан аудандық қазынашылық басқармасы қызметкерлері арасында тиісті заңдар мен нормативтік құқықтық актілер бойын-

ша техникалық оқу сабақтары мен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп келеді. Сонымен қатар, Сарқан ауданы прокуратурасының прокуроры, 3-сыныпты заңгер Н.М.Тайхардың қатысуымен жоғарыда аталған көкейкесті мәселе бойынша дөңгелек үстел өткізіліп, әр қызметші заңның алдында жауапты екені және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу керектігі түсіндірілді.

Мемлекеттік қызмет - бұл ар мен жауапкершілікке негізделген мәртебелі міндет. Бұл салада тек адалдық, ашықтық және әділеттілік үстемдік құруы керек. Себебі біздің қоғамда сыбайласқа жол жоқ!

Г.ОРЫНОВА,
Сарқан аудандық қазынашылық басқармасының басшысы.

Тазалық әр адамнан, әр үйден, әрбір көше мен әр қаладан басталуы керек. Өйткені «Таза Қазақстан», бұл – бір күндік науқан емес. Бұл – біздің өмір салтымыз. Айналамызды жинау, ағаш отырғызу арқылы біз жайлы да таза қоршаған орта қалыптастырамыз. Барлық аула мен көшені, саябақ пен алаңқайды ұқыпты ұстау – өз қолымызда. Тазалық пен тәртіп – дұрыс өмір салтын ұстанудың басты көрінісі. Қоқысты сұрыптау, су мен жарықты үнемдеу, қоғамдық орынды бүлдірмеу – аса маңызды. Бұл біздің қоғамның қалыпты қағидатына айналуы қажет. Экологиялық ағарту ісіне айрықша мән берген жөн. Мұны «Таза Қазақстан» кампаниясының негізгі бағыттарының бірі деуге болады. Уақыт өткен сайын көптеген адамдардың қоршаған ортаны аялауға, қорғауға ұмтылып жатқанын көріп отырмыз. Азаматтарымыз экологиялық талаптарды сақтап, оны саналы түрде өмір салтына айналдырып келеді.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті.



Тазалық әр адамнан басталуы керек

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2024 жылдың сәуір айынан "Таза Қазақстан" республикалық экологиялық акция басталған болатын.

Бұл акция тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, отансүйгіштікті, табиғатты қорғауға, қоршаған ортаға деген жанашырлық құндылықтарын дәрiптеу, әрбір адам өзінің ауласын, көшесін таза ұстап, тазалыққа өзінің үлесін қосу мақсатында ұйымдастырылуда.

Сондай-ақ бұл шараның бүгінгі ұрпаққа берері мол. Себебі өскелең жастардың бойында патриоттық рухты оятып, еліне, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттырады. Мұндай іс-шаралар барлық қазақстандықтардың тазалық пен тәртіпті сақтауды қалыптастыратыны сөзсіз.

Осы орайда Жетісу облысы әкімдігінің қаулысына сәйкес, Сарқан ауданы әкімінің «Ауданның елді мекендерін көктемгі-күзгі санитарлық тазарту, абаттандыру және



көгалдандыру екі айлығын өткізу туралы» қаулысымен ағымдағы жылғы наурыз айының 11-нен мамыр айының 15-не дейін көктемгі және қыркүйек айының 15-нен қараша айының 15-не

дейін күзгі ауданның елді мекендерін абаттандыру, санитарлық тазарту, көркейту екі айлығы болып жарияланып, аудандық іс-шаралар жоспары әзірленіп бекітілді.

Ауданның елді мекендерін санитарлық тазалау, абаттандыру іс-шараларының жоспары бойынша ағымдағы жылдың наурыз - мамыр айларында жалпы аудандық сенбіліктер өткізілді.

Жалпы өткізілген сенбіліктерге орташа есеппен 1000-нан аса аудан тұрғындары жұмылдырылып, 250 тоннадан артық күл-қоқыс шығарылып, 3745 түп ағаш көшеттері отырғызылды. Оның ішінде 1595 қылқанжапырақты, 2150 жапырақты.

Республика аумағында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы жалғасуына байланысты аудан аумағында 2025-2026 жылдарға жұмыс кестесі құрылып бекітілді және жоспарға сай жұмыстар атқарылуда.

Өз тілшіміз.

Мемлекеттік мін - ортақ қазына

Әлемдік ғылым, білім жетістіктері жекелеген ұлтқа қызмет етуі үшін, кез келген ғылым-білімнің бастапқы негізі ұлттық тілде, яғни білім алушының өз ана тілінде қалануы керек. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялап, өз алдына дербес егемен ел болғаннан бері мемлекеттік тілді дамытуға аса мән беріліп келеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы екендігін әрқашан есте сақтауымыз керек.

Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілді дамыту бойынша біршама жұмыстар жүйелі түрде атқарылып жатыр. Мысалы:

- Мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында іс-қағаздары мемлекеттік тілге көшіріле бастады. Қазақ тілінде шығатын бұқаралық ақпарат құралдардың саны арта түсті.

-Мемлекеттік тілге деген талап күшейтілді.

Кез келген тілдің болашағы - балалардың, жастардың қолында екені рас. Балалардың тілді білмеуі, ұмытуы - ұлтқа төнген қауіп. Сондықтан ең әуелі әрбір отбасы өз шаңырағындағы тіл саясатын түзеуі шарт. Әр отбасында отбасылық тілді дамыту бағдарламасы жасалмаса, мемлекет тарапынан жасалатын барлық іс-шара өзін-өзі ақтамайды.

А.БЕРЧИМБЕТОВА,
Сарқан аудандық сотының бас маманы.

Балалардың жазғы демалысын қалай ұйымдастыруға болады

Жазғы кезеңде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мемлекеттің әлеуметтік саясатының ажырамас бөлігі және балалардың шығармашылық дамуы, олардың рухани әлемі мен интеллектісін байыту үшін мүмкіндік болып табылады.

Балалардың демалуы мен сауығуы бұл балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуды, олардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды, балалардың дене шынықтырумен, спортпен және туризммен айналысуын, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруды, санитариялық-гигиеналық және санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды орындай отырып, олардың тамақтану режимі мен қолайлы ортада өмір сүруін сақтауды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешені.

Балалар күндіз болатын жазғы сауықтыру лагері жазғы каникул кезінде балалар мен жасөспірімдерде сауықтыру, демалу және каникул уақытын ұтымды пайдалану үшін қажетті жағдайлар жасау, салауатты өмір салтының жалпы мәдениеті мен дағдыларын қалыптастыру, балалардың денсаулығын, шығармашылық еңбегін нығайту, олардың қабілеттерін іске асыру үшін барынша жағдайлар жасау



мақсатында ұйымдастырылады. Сарқан ауданында қала сыртындағы лагерьлер жоқ. Балалардың демалуына арналған нысанды таңдау кезінде төмендегілерді ұсынамыз:

Рұқсат беру құжатының – объектіге санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуына назар аударуды;

Лагерьдің медицина қызметкерін балалардың созылмалы ауруы немесе аллергиясы бар екендігі туралы, белсенді демалыс үшін қарсы көрсеткіштер туралы алдын ала ескеру: спортпен шұғылдану, су рәсімдері және т. б.;

Балаларға қауіпсіздік және жеке бас гигиенасын сақтау ережелерін түсіндіруді;

Күн сайын балаларға тыйым салынған жерлерде, соның ішінде қалалық субұрқақта шомылу өте қауіпті екенін ескерту.

Р.ОРЫНБЕКОВА,
Сарқан аудандық СЗББ жетекші маманы.



Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күні

Қазіргі таңда адамзат алдында тұрған ең үлкен мәселелердің бірі — қоршаған ортаны сақтау. Табиғат – біздің өміріміздің қайнар көзі. Ауамыз таза, суымыз мөлдір, орман-тоғайымыз жайқалып тұрса ғана өмір сүру сапасы жоғары болмақ. Осыны ескере отырып, жыл сайын 5 маусым күні Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күні ретінде атап өтіледі.

Бұл мереке 1972 жылы БҰҰ бастамасымен енгізілді. Оның мақсаты — адамдардың экологиялық сауаттылығын арттыру, табиғатқа жанашырлықпен қарауға үндеу және жер шарындағы экологиялық проблемаларға назар аударту. Әр жылы бұл күн ерекше ұранмен аталып өтеді. Мысалы, климаттың өзгеруі, пластикпен күрес, биоаулантүрлілікті сақтау сияқты өзекті тақырыптар қозғалады.

Елімізде бұл күнге ерекше мән беріледі. Атап айтқанда «Жоңғар Алатауы» МҰТП-де де түрлі экологиялық акциялар ұйымдастырылып, ағаш егу, қоқысты тазалау, балалар мен жастар арасында экологиялық тәрбие беру іс-шаралары өткізіледі. Бұл тек табиғатты қорғау ғана емес, болашақ ұрпаққа жарқын өмір сыйлау екенін ұғынуымыз керек. Қоршаған ортаны қорғау – бұл бір күндік шара емес. Бұл – күнделікті өмір салтына айналуы тиіс. Табиғатты аялап, оны ластамау, ресурстарды үнемдеу, қалдықтарды сұрыптау секілді қарапайым әрекеттер үлкен өзгеріске бастай алады. Әр адам өзінен бастап, табиғатпен үйлесімде өмір сүрсе — Жер беті жайқалған баққа айналары сөзсіз.

Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күні – бізге табиғаттың нәзіктігін еске салып, оны қорғауға шақыратын маңызды күн. Табиғатты сақтау — баршамыздың ортақ борышымыз. Болашақ ұрпаққа көк аспан мен жасыл әлемді аманат ету – әрқайсымыздың қолымызда.

А. ЖАУЫНГАРОВ,
«Жоңғар Алатауы» МҰТП РММ Сарқан филиалы
Басқан орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

Жарқыра, жұлдызым – Қанат Диас!

Әр баланың жүрегінде ұшқын бар. Сол ұшқынды алауға айналдырып, оны өнердің аспанына самғататын ұстаздар қауымының еңбегі өлшеусіз. Міне, сондай жарқ еткен жұлдыздардың бірі – Қанат Диас!

Сарқан қаласының облыстық №3 арнайы мектеп-интернатының 10-сынып оқушысы Қанат Диас «БІ Жұлдызай» шығармашылық байқауында өз талантын дәлелдеп, облыстық іріктеуден сүрінбей өтіп, республикалық деңгейге жолдама алды. Бұл – жай ғана жеңіс емес, бұл – бала жүрегінен шыққан шынайы өнердің мойындалуы!

Диастың өнер жолындағы сенімді серіктері – музыка жетекшісі А.Идирисов пен аға жетекші Ш.Адамова. Ұстаздарының бағыт-бағдарымен және жанкешті еңбегімен шәкірт елорданың ең көрнекті сахнасында жарқырап, үлкен әсер қалдырды.

2025 жылдың 27 мамыры мен 1 маусымы аралығында Астана қаласында өткен «Жұлдызай» республикалық фестивалінің қорытынды гала-концертіне Диас ән шырқап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Өнеріне тәнті болған қалың жұртшылық шәкірттің дарынына сүйсініп, ерекше қошемет көрсетті.

Қор директоры Гульмира Исабаевамен ұйымдастырушылар Алмағұл

Аманжолова, Роза Қуатовнаның қажырлы еңбектерін ерекше атап өтуге тұрарлық.

Біздің баламызды осындай деңгейде республикалық гала-концертке қатыстырған Жетісу облысының білім беру басқармасының басшысы Д.Жунисовқа, облыстық әдістемелік кабинетіне алғысымызды білдіреміз. Мектеп ұжымының атынан Сарқан

қаласының мәдениет үйінің директоры Сейденов Алишер Асетұлына көп рақмет айтқымыз келеді.

Бұл жеңіс – тек Диастың ғана емес, оны тәрбиелеп, өнерге баулыған барлық ұжымның ортақ табысы.

Сондай-ақ мекеме басшылары Б.Сарсенбаева мен Г.Итжанова шәкірттерге жасаған шексіз қамқорлығы мен қолдауы – бұл жетістіктің берік іргетасы.

Біз Қанат Диасты, оның ардақты ұстаздарын және барша мектеп ұжымын шын жүректен құттықтаймыз! Өнердің көгінде жарқыраған жұлдызың биіктей берсін, Диас! Жетістігің көп болсын, шабыт пен шапағат серік болсын!

Ш.АДАМОВА,
Сарқан қаласының облыстық №3
арнайы мектеп-интернатының
аға жетекшісі.
М. ОТАРБЕКОВА,
тәрбиеші.



Бөліскен сайын бақыт артады

«1-Маусым балаларды қорғау күні» мерекесіне орай Сарқан қаласы көпсалалы колледж әкімшілігінің ұйымдастыруымен аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Мүмкіндігі шектеулі балаларға үйде әлеуметтік көмек көрсету» бөлімшесіндегі қызмет алушы балаларға арнайы концерт қойылды.

Концерт барысында колледж директоры балаларды құттықтап, жылы лебізін білдіріп, сыйлықтарын табыстады. Сонымен қатар әлеуметтік қызметкерлерді де Алғыс хатпен марапаттап, еңбектеріне табыс тіледі. Мерекелік концерт жақсы өтіп, балалар мен ата-аналар жақсы көңіл-күйде тамашалап, кеш әсерлі өтті.

«Бөліскен сайын бақыт артады» демекші жақсылықты бөлісіп, балаларымызға шат-күлкі сыйлаған Сарқан көпсалалы колледж әкімшілігіне, колледж директоры Каримов Мұхтар Әлібекұлына, концерт ұйымдастырушы, колледж ұстаздары Смагулова Жанар Сұлтанбекқызына және Баятарава Меруерт Камардиновна апайларымызға алғысымыз шексіз. Қайырымдылық демеушілік көрсеткен Сарқан қаласы, «Жібек жолы» құрылыс дүкенінің басшысы Иманбаев Талғат ағамызға да айтар алғысымыз шексіз. Осы жаны жомарт, жүректері кең, мейірімді, көңілдері дархан жандарға жұмыстарына толағай табыс, еңбектеріне береке, отбасыларына амандық тілеймін.

Т.ДИХАНБАЕВА,
«Мүмкіндігі шектеулі балаларға үйде әлеуметтік көмек көрсету»
бөлімшесінің бөлім меңгерушісі.

Цифрландыру бүгінгі білім берудегі жаңа бағыт. Бүгінде өліміздің экономикасының барлық салаларын цифрландыру күн тәртібінің басты тақырыптарының бірі. Осы бағытта басталып жатқан белсенді жұмыстың алғашқы бағыттардың бірі білім беру деп аталады. Бұл мақала білім беру процесіне сандық технологияларды тиімді енгізуге көмектесетін платформалардың бірі TopIQ.kz туралы сөз болмақшы.

Заманауи технологияларды енгізу процесінің басталуымен мектептердің білім беру мүмкіндіктері едәуір кеңейді. Атап айтқанда, қашықтықтан оқыту, білім беру платформалардың барлық түрлері, электронды оқулықтар жүйесі арқылы оқыту форматтары белсенді дамуда. TopIQ.kz – білімді дамытудың мемлекетіміз үшін білім сапасын көтерудің негізгі құралы болып табылады.

Елімізде білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарының

БІЛІМ БЕРУ ТРЕНДІ: ТОPIQ.KZ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ ПЛАТФОРМАСЫ

бірі – электрондық оқыту жүйесін енгізу. Жаңа бағдарламаның ерекшелігі – ол жаңашылдығы болып табылады. Атап айтсақ, бағдарламада білім беру саласына электрондық оқыту жүйесін енгізу жеке бір бағыт ретінде қарастырылған. Оқушылар кез келген білім беретін мәліметті қалаған уақытта алуына қол жеткізбек. Мұғалімдер мен оқушылар ең үздік әлемдік білім ресурстарын пайдалану мүмкіндігіне ие бола алады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында электрондық оқытудың мақсаты: білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жетімділігін қамтамасыз ету.

Осы орайда «TopIQ.kz» электронды білім беру еліміздің білім жүйесіне қарқынды еңгізіліп отырған оқытудың озық формаларының бірі болып келе жатыр. Оның ерекшелігі неде?

Біріншіден, кез келген жерден, кез келген құрылғы арқылы кіруге болады;

Екіншіден, ақпаратты іздеу мүмкіндігі, интерактивтілік;

Үшіншіден, балл қоюда объективтілік, яғни тапсырмалардың күрделілігінің түрлі деңгейі;

Төртіншіден, оқу материалының көрнекілігінің жақсаруы, яғни өтіп кеткен материалдарды қайталау мүмкіндігі;

Аталған платформаны «Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі» КММ ұжымы да белсенді қолданып, TopIQ.kz платформасында электрондық

оқулықтарды ең үздік қолдану бойынша өткізіліп жатқан «Leader TopIQ» республикалық байқауына қатысуда. Байқаудың мақсаты: TopIQ.kz платформасында электрондық оқулықтарды қолдануда республика педагогтерінің инновациялық педагогикалық тәжірибесін анықтау және көпшілікке тарату.

Шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын «TopIQ.kz» электронды оқулықтар платформасы жас ұрпаққа білім беру жолындағы ортақ міндетті өз мәнінде жүргізу үшін, ой – өрісі дамыған тұлға тәрбиелеуде таптырмас ресурс. Алдағы уақытта платформаны тиімді пайдалана білсек жұмысымыз өнімді болады деп ойлаймын. Сондықтан да барша ұстаздарды «TopIQ.kz» электронды оқулықтар платформасын пайдалануға шақырамын!

Ж.СЕМБАЕВА,
Ы.Алтынсарин атындағы орта
мектебінің математика пәнінің
мұғалімі.

Қазақтың ұлттық ойындары — халқымыздың салт-дәстүрі мен өмірінің бір бөлігі. Бұл ойындар тек көңіл көтеру үшін емес, балалар мен жастарды үйрету үшін де болған. Олар күшті, епті, шапшаң, төзімді болуға, дәл көздеуге және ақылмен ойнауға баулыған.

Балалар ойын арқылы үлкендердің айтқанын, ақыл-кеңесін үйренсе, ересектер бір-бірімен жарысып, достық пен бірлікті сақтаған.

Көкпар, асық ойыны, тоғызқұмалақ, аударыспақ, қыз қуу, теңге алу сияқты ойындар халық арасында кең тараған. Олар тек дене шынықтыру емес, тәрбие берудің де бір жолы болған. Бұл ойындар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, халқымыздың бай мәдениетін сақтап келеді.

Осы мәдениеттің үзілмеуі және оны қайта жаңғырту мақсатында, Мұқан Төлебаевтың мемориалдық музей ұжымы 2 маусым күні – Балаларды қорғау күніне

Қазақтың ұлттық ойындары

орай «Қазақтың ұлттық ойындары» тақырыбында К.Д.Ушинский атындағы мектеп оқушыларына танымдық іс-шара өткізді. Іс-шараның мақсаты – ұлттық ойындарды дәріптеу арқылы жас ұрпақтың бойында салт-дәстүрге деген құрмет пен патриоттық сезімді қалыптастыру.

Шара барысында музей қызметкерлері балаларға қазақ халқының дәстүрлі ойындарын таныстырып, олардың тәрбиелік және танымдық мәнін түсіндірді. Шара асық ату ойынынан басталды. Бұл – дәлдікке, шыдамдылыққа және көз мөлшерін дамытуға бағытталған, қойдың асықтарымен ойналатын көне ұлттық ойын. Балалар асық ату тәсілдерін меңгеріп, өзара жарысқа түсті. Одан кейін бағдарлама қол күрес (арнамыс күресі) ойынымен жалғасты. Бұл – адамның күшін, ептілігін және төзімділігін сынайтын, бүгінде спорттың бір түрі ретінде

дамып келе жатқан белдесу ойыны. Қатысушылар өз күштерін сынап, ойын ережелерімен танысты.

Іс-шара арқан тарту ойынымен қорытындыланды. Бұл — ұжымдық күш пен ұйымшылдықты талап ететін, көпшілік қатысатын ұлттық ойын. Балалар екі топқа бөлініп, командалық рух пен ынтымақтың маңызын іс жүзінде сезінді.

Осы аталған ойындар арқылы музей қызметкерлері балаларға қазақ халқының



бай мәдени мұрасын таныстырып, ұлттық ойындардың тарихи және тәрбиелік маңызын жеткізуді көздеді. Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушыларға рухани серпіліс сыйлады.

Дәстүрлі ойындар тек физикалық және зияткерлік қабілеттерді ғана емес, сонымен қатар көңіл көтеру мен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытты.

Бүгінде қазақтың ұлттық ойындары белсенді түрде қайта жаңғыртылуда: этноспорт фестивалдері, тоғызқұмалақ турнирлері өткізіліп, мектептер мен балабақшаларда дәстүрлі ойын элементтері сабақтарға енгізілуде.

Бұл — мәдени мұраны сақтау ғана емес, сонымен қатар болашақ ұрпақты тарих пен ұлттық бірегейлікке құрметпен тәрбиелеудің жолы.

Ойындарда халықтың жаны, мінезі, даналығы мен қуанышы бар. Оларды сақтау арқылы біз тамырымызбен тірі байланысымызды сақтаймыз.

Д.ТУНГАТОВА,
Мұқан Төлебаевтың мемориалды
музейінің экскурсия жүргізушісі.



Алтай ШҰЛҒАУБАЕВ,
Сарқан аудандық орталық
ауруханасының бас дәрігері.

Сарқан аудандық ауруханасы аудан емханасына тіркелген 35 мыңнан астам адамға медициналық көмек көрсетеді. Аудандағы медициналық мекемелер саны – 27, оның ішінде 1 аудандық аурухана, 1 ауылдық аурухана, 7 дәрігерлік амбулатория, 5 фельдшерлік – акушерлік пункт, 13 медициналық пункт. Жалпы дәрігерлер саны – 68, орта буын қызметкерлері – 315. 180 төсек – орынды ауруханада жыл сайын жеті мыңға жуық науқас емделіп шығады. Күндізгі емдеу бөлімінде де жылына жеті мыңнан астам халық ем алады.

Жылдан жылға ауданның статистикалық көрсеткіштері жақсаруда, оның ішінде 1 жасқа дейінгі сәби өлімі, қан – тамыры ауруларына шалдығушылық төмендеген. Соңғы бесжылдықта ана өлімі тіркелмеген. Қатерлі ісік ауруларына шалдыққан науқастардың 5 жыл және одан жоғары өмір сүру ұзақтығы ұлғайған.

Аурухана жақсартылған материалды-техникалық қорды қамтиды, заманауи құралдармен жабдықталған, Сарқан ауруханасы бір ғана Сарқан ауданының тұрғындары мен қонақтарына ғана емес, жақын маңда орналасқан Ақсу, Алакөл ауданының халқына жоспарлы және шұғыл медициналық көмек көрсетеді.

Уақытпен бірге бәрі де жаңарады. Қоғам да адамдар да заман өте келе өзгертіні анық. Сол секілді аурухана да бір орында тұрған жоқ. Уақыттың ағымымен өркениет көшінен қалмай, сәт

Жетістігіміз ігерлендіреді



сайын технологиялық түрленген заманда бұл да өз жолын тауып жаңғырудың жарқын үлгісін көрсетіп келеді. Мұнда тек қондырғылар ғана заман талабына сай жаңарған жоқ, сонымен бірге мамандардың кәсіби біліктілігі артып, шеберлігі шындала түсуде. Соның бір айғағы – аурухана дәрігерлері өз білімдерін шет мемлекеттерде жетілдіруде. Мәселен, 2023 – 2024 жылдары 9 дәрігерлеріміз Түркия, Ресей, Беларусь, Әзірбайжан, Грузия, Сингапур мемлекеттерінде өз білімдерін арттыруда.

Ауданның денсаулық сақтау саласында біраз жетістіктер бар, сол жетістіктерге жету жолында ауқымды шаралар жасалғаны айқын. Ауданға қарасты елді мекендердегі медициналық көмек беретін орындар жаңғыртылды, күрделі жөндеуден өтті. Соның нәтижесінде ауылдық жерлер тұрғындарына да талапқа сай медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік туды. Сарқан ауданы бойынша «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде Ақтұма, Қарғалы, М.Төлебаев ауылдарында

фельдшерлік – акушерлік пунктердің жаңа құрылысы жүргізілуде. Сонымен қатар, жүйке жүйесінде ауытқулары бар балаларға арналған 15 орындық «Қамқорлық» оңалту орталығына ағымды жөндеу жұмыстары және 25 орындық жұқпалы аурулар бөліміне күрделі жөндеу жүргізілді. Облыс бюджеті есебінен 2024 жылы Черкасск дәрігерлік амбулатория-

Ауданда дәрігерлер жетіспеушілігін азайту мақсатында, ауданға келген жас мамандарға облыс бюджетінен ауылға келген дәрігерге он миллион, қалалық жерге келген жас дәрігерге бес миллион теңге бөлу қарастырылған. 2024 жылы Сарқан аудандық ауруханасының 5 жас дәрігеріне бес миллион теңгеден көтерме ақы төленді.

2024 жылы аудан ауруханасына облыстық денсаулық сақтау басқармасы тарапынан 4 жедел жәрдем көлігі берілді.

Денсаулық сақтау саласында ерен еңбегі үшін төсбелгісімен орта буын қызметкерлері С. Бейсебаева, Г.Калиева, дәрігерлер Б.Уаканов, Р.Ахметкожина, О.Байжанов, Н.Ошаганова, С.Отеулинова, Г.Менисова, Т.Тунгатов, А.Маликқызы, К.Рамазанова марапатталды. Осы салада еңбегімен ерекшеленген ардагерлеріміз Р.Алиева, С.Тулегенова, Н.Поповичева, К.Ахметова, К.Рамазанова ауданымыздың «Құрметті азаматы» атағын алды.

Сарқан ауданының денсаулық сақтау саласын дамытуда жас мамандардың үлесі зор. Атап айтсақ Е.Салкимбаев, Н.Қаржанбай, М.Шарипов және басқалар жастық жігермен теориялық білімдерін практикамен ұштастырып келеді.

Денсаулық – зор байлық. Айналамыздағы адамдардың денсаулығы зор, өмірі көрікті болуы үшін білімі мен білігін жұмсап жүрген әріптестерімді төл мерекелерімен құттықтап, жетістігіміз бізді жігерлендіре берсін деймін. Аспанымыз ашық, айналамыз аман болсын!



сында, Абай фельдшерлік – акушерлік пунктінде, Аманбектер медициналық пунктінде блокты – модульды кешен орнатылды.

Дәрігер дегеніміз жүрген жүрісі, мінез-құлқы, қимыл-әрекеті және бүкіл болмысымен жұртқа жақсылық жасау, шипагерлік қызмет көрсету, емдеп, ажалдан алып қалу үшін күресетін мамандығына адал жан болу керек. Сөзімен де, қолымен де, жан жылуымен де алдына келген науқасқа мейірім шуағын төгетін ақ желеңділерге қандай құрмет көрсетсек те жарасады.

Науқасқа жақынындай қарайтын ұжым бар

Жүрегіміз, қан қысымымыз мазалап, есепте тұрған соң жуырда аудандық ауруханада кейіннен ашылған оңалту орталығынан ем-шара алдық. Бір аптаға созылған емдеу үрдісі көңілімізден шықты. Алдымен бізді қабылдаған бөлімше меңгерушісі Милана Жуванышеваның біліктілігіне ризамыз. Жан-жақты тексерістен өткізіп, емшара тағайындаған Милана Ринатқызының ұжымды ұршықша үйретін ұйымдастыру қабілетін аз ғана уақыттың ішінде айқын аңғардық. Ұжым мүшелерінің қай-қайсысы да өз міндеттерін адал атқарып, көпшіліктің алғысын алуда. Атап айтқанда аға медбике Гүлдана Қабдулла, механотерапевт Әбілқайыр Абубакиров, нұсқаушы Данияр Құрманбек, физиотерапия медбикесі Айгүл Кезенова, массажистер Роза Омарова, Индира Есеркеева, кіші медицина қызметкерлері Ольга Ткачева, Марина Ткачева, Александра Кальная, Ксения Горощенко оңалту орталығының атына сай болуға өзіндік үлестерін қосып келеді.

Мұндағы емдік процедуралардың барлығы да заманауи жабдықталған орындарда жүзеге асырылуда. Тұз шахтасы бөлмесі тынысыңды кеңейтіп, ванналардан алатын ем жаныңды жадыратып, массаж, тоқпен емдеу, сергіту жаттығулары еңсенді езген науқастан құлан-таза айықтыратынына куә болдық.

Көптеген дәрігерлер емдеген кезде дәрісін беріп, емін жасаумен шектеледі ғой. Біз өзінің ықылас-пейілімен емдейтін, барлық жан-тәнімен, шын көңілмен қарайтын ұжымды көрдік. Медицина қызметкерлері күні қарсаңында ел алғысына бөленуге лайықты оңалту орталығының ұжымына көпшіліктің ризашылығын жеткізгіміз келеді.



Ізгі тілекпен емделушілер атынан:
Салика СҮЛЕЙМЕНОВА, Балжан ҚОСЫБАЕВА, Светлана РУГАЧЕВА, Гүлнар АСЫҚПАЕВА, Гүлнар ҚОЖАХМЕТОВА, Сайраш ШОМАНОВА.

Выражаю искреннюю благодарность

30 мая 2025 года я обратился в приёмный покой Сарканской центральной районной больницы с жалобой на острую боль в правом плече. Врач Шульгин Ярослав Владимирович оперативно поставил диагноз — перелом ключицы — и незамедлительно организовал квалифицированную медицинскую помощь.


В период моего пребывания в 5-й палате мне был обеспечен надлежащий уход: сотрудники отделения внимательно следили за состоянием моего здоровья, своевременно реагировали на любые изменения, поддерживали санитарную чистоту и строго соблюдали эпидемиологические нормы. Пациенты получают полноценное питание, а установленный режим выдерживается неукоснительно.

Особо хочу отметить комфортные условия пребывания: современные палаты оснащены всем необходимым, кровати удобны — что особенно важно в период восстановления после травмы.

На сегодняшний день моё состояние значительно улучшилось, что свидетельствует об эффективности лечения и высоком профессионализме сотрудников отделения.

Настоящим письмом выражаю искреннюю благодарность и глубокую признательность коллективу травматологического отделения Сарканской ЦРБ, в частности: Шульгину Ярославу Владимировичу, Сагадиеву Рауану, Виктору, Наталье Белозеровой за добросовестное выполнение профессиональных обязанностей, верность медицинской этике, высокий уровень ответственности, гуманизм и преданность своему делу.

Названные специалисты демонстрируют пример подлинного служения обществу: строго соблюдают нормы трудовой дисциплины и законодательства, применяют современные, клинически обоснованные методы лечения, неизменно следуют принципам честности, прозрачности и антикоррупционной культуры. В своей деятельности они не используют служебное положение в личных целях, не совершают действий, дискредитирующих профессию, и всегда руководствуются исключительно интересами пациентов. Их личный вклад в развитие системы здравоохранения района и укрепление доверия граждан к медицинским учреждениям заслуживает самого высокого признания.



Данияр КАЛИЕВ,
член Антикоррупционного сообщества Казахстана.



Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы – тек тарихи дата ғана емес, өшпес ерлік пен ерен еңбектің символы. Сондықтан еліміз өз ардагерлерінің, тыл еңбеккерлерінің ерлігін жаңғыртып, ұрпақ жадында сақтауы керек. Сонымен қатар, бұл дата – әскери-патриоттық тәрбиенің де маңызды кезеңі. Жастар өткеннен сабақ алып, бейбітшілікті бағалауы қажет.

ӨШПЕС ЕРЛІК ПЕН ЕРЕН ЕҢБЕКТІҢ СИМВОЛЫ

Сөзсіз қазақстандықтардың осы соғыстағы үлесі зор болды. 1,5 миллионнан астам азамат майданға аттанып, соның жартысынан көбі оралмады. Бүгінгі таңда біз сол ерлікті ұмытпауымыз керек.

Жеңістің 80 жылдығы – бұл тек соғыста шайқасқан батырларымызды ғана емес, тылда еңбек еткен ата-әжелерімізді де еске алатын күн. Сол кездің қиындықтары мен халықтың бірлігі – бізге үлкен сабақ. Өкінішке қарай, жыл өткен сайын ардагерлердің қатары сиреп келеді. Сондықтан оларға құрмет көрсетіп, ерліктерін насихаттау – біздің міндетіміз.

Осы орайда Жеңіс күнін жақындатып, жаумен жан аямай шайқасқан жерлесіміз, Ұлы Отан соғысының ардагері Бекболатов Қалимолда Айтмолдаұлын ұмытуға қақымыз жоқ.

Қалимолда Бекболатов атамыз 1926 жылы наурыз айында Сарқан ауданы, Қарауылтөбе ауылында дүниеге келген.

Қарауылтөбе ауылындағы 7 жылдық мектебін үздік оқып бітірген Қалимолда атамыз 1944 жылы қазан айында соғысқа аттанады. Үш ай Алматыда дайындықтан өтіп, 1945 жылы қаңтарда Польша мен Германия шекарасында соғыс жолын бастады. Украина майданында Хьюстон, Вольфбалт, Найрупин қалаларын азат етуге атсалысқан. 8 мамыр Жеңіс күнін Германияда Даритиз, Куритиз деревнясында тойлаған. Мамыр айынан тамызға дейін Германия жерін фашизмнен тазартуға атсалысты. Үш ай жаяу жүріп Белоруссияға тоқтады. Минскіде Брест-Литовск қамалын көреді. Минскіде ауырып госпитальға түскен. Белоруссияда

полковой школада оқып, сержант болады. Белоруссияның көптеген жерлерінде болып, бұзылған жолдарды, көпірлерді қалпына келтірді, миналардан тазартты. Госпитальден шыққанда полкі көшіп кетіп, Қалимолда атамызды Волга өзенінің бойындағы станция Нейға жібереді. Бұл 1946 жыл еді. 1947 жылы 5 қаңтарда соғысты аяқтап, елге қайта оралады. Елге оралған соң да еңбекке білек сыбана кіріседі. Қарауылтөбе ауылдық советінде хатшы, одан кейін басшы, Аманбөктер совхозында еңбек етіп зейнетке шығады. Құдай қосқан қосағы Оспанова Жамалхан Әбдірашқызымен 7 бала өсіріп жеткізеді. Олардан көрген немерелері, шөберелері бүгінгі күні бір қауым ел болып, ардақты атамыздың есімін өшірмей отыр. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерен ерлігі



үшін көптеген орден, медальдарға ие болған, ұрпақ тәрбиесіне, өлкетану ісіне қосқан зор үлесі бар Бекболатов Қалимолда атамыздың есімі мәңгі есімізде сақталады. Өйткені ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайды.

Али БОГДАН,
Жетісу орта мектебі информатика пәнінің мұғалімі, әлеуметтік педагогы.

Ұлы Жеңіс жаңғырығы

Адамзат тарихындағы сұрапыл және қанды соғыс аяқталғанына міне 80 жыл толып отыр. Ел басына қатер төнген қиын-қыстау жылдары Кеңес Одағының халқы тілі мен дініне қарамай өз Отанын фашистік езгіден қорғап қалды. Ұлы Отан соғысындағы жауынгерлердің ерлігі тарих беттерінде өшпестей алтын әріптермен жазылды.



1941 жылдың 22 маусымында Нацистік Германия Кеңес Одағының батыс шекарасына шабуыл жасап сонау бірнеше жылға созылған қанды майданды бастады. Қаралы хабар жығылғанға жудырық болғандай ел үстіне ала бұлт орнатқаны сөзсіз. Осынау қырғында талай адам оққа ұшып, кейбірі қыршыннан кетіп, халықты зар жылатты. Ел еңсесі жығылған шақта талай жаужүрек қаһармандарымыз өз батырлығымен талайды таңдандырса, патриоттық пен елге, жерге деген сүйіспеншілік әскер шебін тік ұстап, сансыз айдаһардай атылған жаудың бетін қайырып отырды. Тарих беттеріне қанмен жазылған қасірет, өмір, көз жас болса да, адамзат тарихындағы ауыз толтырып айта-тын жайт. Әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанып, ерлік пен батырлықты дәріптеп, отан үшін отқа түсті.

Жарқын өмірді тарту еткен аталарымыз бен әжелеріміздің ерліктерін мақтан тұтып, оны келешек ұрпақтың естерінде мәңгі қалдыру – әр адам баласының міндеті. Осындай аталарымыздың ерлігін паш ету жолында Мұқан Төлебаевтың

мемориалды музейінде «Ұлы Жеңіс – жаңғырығы» атты тақырыпта көрме, «Желбіре Жеңіс Туы» атты танымдық шара ұйымдастырылды. Көрмеге Лепсі ауылынан Ұлы Отан соғысына аттанған ардагер майдангерлердің жеке заттары, орден медальдары, суреттері, кітаптары қойылып көрермен назарына ұсынылды. Атап айтар болсақ Ұлы Отан соғысына қатысып майдан шебінен аман оралған жерлесіміз Ахметов Мұратбек атамыздың ұрыс дала-сында өткізген әрбір күнді жазған жеке күнделігіндегі екі – үш күнде 30 дан аса фашистерді ерлікпен жеңгені, үш мәрте жараланып госпитальда жатқандағы медбикелердің ерлігі туралы өте жақсы жазылған естелігі көрермендерге айтылып насихатталды. Келесі бір ержүрек майдангеріміз Қойгельдинов Алдаберген атамыздың қызы Қойгельдинова Меруерт пен келіні Қойгельдинова Жәнипа апаларымыз өз аталары туралы сонау Берлинге дейін барған ерлігі туралы айтып берді. Осы сияқты Лепсіден аттанған ержүрек жауынгерлеріміздің өмір жолдары, ерліктері туралы сыр

шертінді. Танымдық шара барысында Лепсі ауылының әкімі Қияс Ақтөре, аудандық мәслихат депутаты Исаков Асхат ағамыздың және Лепсі ауылдық округін талай жыл басқарған, бүгінде зейнеткер ағамыз Сердәлінов Кеңес Базкенұлының құттықтау сөзімен ашылып, №54 орта мектебінің 1 сынып оқушыларының орындауында «Катюша» биі биленіп, "Қазақ аналары-дәстүрге жол" республикалық қоғамдық бірлестігінің Жетісу облысы, Сарқан ауданының, Лепсі ауылының Төрайымы Сыздықбаева Мейрамгүл апайымыздың

орындауында Мұқан атамыздың соғыстағы жауынгерлерге, тылдағы еңбек ерлеріне арнап жазған керемет туындысы «Кестелі орамал» әні орындалып шара соңында Ушинский орта мектебінің 3 «а» сынып оқушысы Төлөнді Сөзімнің орындауында «Бейбіт күн жасасын» атты туындымен аяқталды.

Соғыс жаңғырығы жылдан-жылға алыстап барады, бірақ «Тау алыстаған сайын биіктей түседі» демекші, уақыт өткен сайын оларға деген ыстық ықылас пен құрмет, алғыс пен марапат толастамай, керісінше ұлғая беруі керек. Әр тақымыздың бейбітшілікпен атуы, күніміздің сәттілікпен батуы, ұйқымыздың тыныш болуы – осының бәрі – ардагерлеріміздің арқасы. Осындай аталарымызбен, апаларымыздың ерлігімен танысқысы келетін әрбір көрерменге музей есігі әрқашанда ашық.

А.ЖҰМАБЕК,
Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінің экскурсия жетекшісі.

Әрбір ұлттың өзіндік тарихи-мәдени мұрасы – оның өткенінен сыр шертетін құнды қазынасы. Бұл мұра халықтың рухани байлығы, ұлттық бірегейлігінің негізі және ұрпақтар сабақтастығын жалғастырушы күш ретінде маңызды рөл атқарады.

Музей өткеннің қазынасы, асыл мұрасы

Тарихи-мәдени мұраға сәулет ескерткіштері, археологиялық жәдігерлер, өнер туындылары, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар жатады. Ол ұлттың өзіндік ерекшеліктерін сақтап, ұлттық сана мен мәдени бірегейлікті қалыптастыруда айрықша қызмет атқарады. Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде, ұлт тарихындағы тұлғалар мен оқиғалар арқылы күрескерлік рух, ерлік пен даналық сынды құндылықтар насихатталады. Қазақстан – бай тарихи-мәдени мұраға ие ел. Ұлы Жібек жолының бойында орналасуы елдегі көптеген тарихи ескерткіштердің сақталуына себеп болды. Мәселен, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – ЮНЕСКО-ның мәдени мұра тізіміне енген ерекше сәулет ескерткіші. Тамғалы петроглифтері – тасқа қашалған көне суреттердің жиынтығы. Отырар қалашығы – ортағасырлық өркениеттің ірі орталығы ретінде танылған тарихи орын. Сондай-ақ, Беғазы-Дөңдібай мәдениеті – ерте темір дәуірінен қалған археологиялық құндылықтардың бірі.

Тарихи-мәдени мұраны сақтау – әрбір халықтың басты міндеттерінің бірі. Ол тек өткеннің куәсі ғана емес, болашақ ұрпаққа аманат етілетін асыл қазына. Сондықтан тарихи ескерткіштерді қорғау, жаңғырту және кеңінен насихаттау – ұлттың рухани байлығын сақтау жолындағы маңызды қадам болып саналады.

М.КАРИБЖАН,
Сарқан ауданының тарихы музейінің меңгерушісі.



Фрилансерлерге зейнетақы жарналарын қалай аударуға болады?

1) Фрилансерлер міндетті зейнетақы жарналарын төлеуге міндетті ме, олардың жарна мөлшері қалай есептеледі?

Әлеуметтік кодекстің нормаларына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ) агенттер төлейді. Агент – БЖЗҚ-ға Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен МЗЖ, МКЗЖ, ЖМЗЖ, ЕЗЖ аударатын, ұстап қалатын (есептейтін) жеке немесе заңды тұлға. Оларға Қазақстан Республикасындағы қызметін шетелдік заңды тұлғалардың тұрақты мекемесі, филиалдары, өкілдіктері арқылы жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғалар да жатады.

МЗЖ-ны мына санаттарға жататын азаматтар өз бетінше төлейді:

жеке кәсіпкерлер, оның ішінде шаруа немесе фермерлік қожалықтардың басшылары, олардың 18 жасқа толған мүшелері, сондай-ақ жеке практикамен айналысатын адамдар өз пайдасына төлей алады;

Бұл ретте, МЗЖ есептеу үшін қабылданатын табыс дегеніміз – МЗЖ төленбейтін табысты қоспағанда, әлеуметтік аударымдарды төлеу үшін тұлғаның өзі айқындайтын табыс. Бірақ Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексіне (Салық кодексі) сәйкес салық салу мақсаттары үшін айқындалатын табыстан аспауы тиіс.

Сонымен қатар, МЗЖ есептеу үшін қабылданатын айлық табыс республикалық бюджет туралы заңда сол жылға белгіленген ең төменгі жалақының 50 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Егер аталған адамдардың табысы республикалық бюджет туралы заңда сол жылға белгіленген ең төменгі жалақының 1 еселенген мөлшерінен кем болса, олар МЗЖ-ны республикалық бюджет туралы заңда сол жылға белгіленген ең төменгі жалақының 1 еселенген мөлшерінен төлеуге құқылы;

салық агенттері болып есептелмейтін жеке тұлғалармен жасалған, нысана-сы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жеке тұлғалар.

Бұл ретте, МЗЖ есептеу үшін қабылданатын табыс – бұл МЗЖ төленбейтін табысты қоспағанда, әлеуметтік аударымдарды төлеу үшін тұлғаның өзі айқындайтын табысы. Бірақ Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексіне (Салық кодексі) сәйкес салық салу мақсаттары үшін айқындалатын табыстан аспауы тиіс.

МЗЖ есептеу үшін қабылданатын айлық табыс республикалық бюджет

туралы заңда сол жылға белгіленген ең төменгі жалақының 50 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап ҚР Әлеуметтік кодексі "Қызметтер көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі қызметтерін интернет-платформаларды және (немесе) платформалық жұмыспен қамтудың мобильді қосымшаларын пайдалану арқылы жүзеге асыратын адамдарды әлеуметтік қамтамасыз ету" бабымен толықтырылды.

Интернет-платформалардың және (немесе) мобильдік қосымшалардың операторы арнайы мобильдік қосымша пайдаланылатын арнайы салық режимін (АСР) қолданатын жеке кәсіпкерлердің (ЖК) кірістерінен міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ) ұстап қалуды жүргізеді және ұсталған сомаларды БЖЗҚ-ға аударыды. МЗЖ мөлшерлемесі МЗЖ есептеу үшін қабылданатын табыстың 1% мөлшерінде немесе МЗЖ есептеу үшін қабылданатын табыстың 10 пайызы мөлшерінде орындаушының өз қалауы бойынша айқындалады. МЗЖ есептеу үшін қабылданатын табыс деп орындаушылардың көрсетілген қызметтер немесе орындалған жұмыстар үшін алған табысы түсініледі.

Интернет-платформа операторы – интернет-платформада тіркелген орындаушылар мен тапсырыс берушілер арасында қызметтер көрсету бойынша (оның ішінде үшінші тұлғаларды тарта отырып) байланыс орнату үшін ақпараттық технологиялар мен жүйелерді қолдана отырып, техникалық, ұйымдастырушылық, ақпараттық және өзге де мүмкіндіктер беретін жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға.

Орындаушы – интернет-платформада тіркелген, тапсырыс берушілерге қызмет көрсететін немесе жария шарт негізінде интернет-платформаны пайдалана отырып жұмыстарды орындайтын жеке тұлға, жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға.

МЗЖ есептеу үшін қабылданатын табыс дегеніміз – арнайы мобильдік қосымша пайдаланылатын АСР қолданатын жеке кәсіпкер-орындаушылардың көрсеткен қызметтері немесе орындаған жұмыстары үшін алған табысы.

Бұл ретте МЗЖ есептеу үшін қабылданатын айлық табыс республикалық бюджет туралы заңда сол жылға белгіленген ең төменгі жалақының 50 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

2) Фрилансерлер зейнетақы жинақтарын қалыптастыру үшін БЖЗҚ-да шотты қалай аша алады?

Зейнетақы жарналарын – міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) есепке алу үшін БЖЗҚ-да жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу бірінші жарна түскен

кезде жүргізіледі. Пайдасына зейнетақы жарналарын жүзеге асырылатын жеке тұлғаны сәйкестендіру жарналарды аудару кезіндегі төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректердің (ТАӨ, ЖСН, туған күні) негізінде жүзеге асырылады. БЖЗҚ жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаттың деректемелері, тұрақты тұратын жері туралы және өзге де барлық қажетті мәліметтерді Мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен алады. Осылайша, ЖЗШ ашу үшін БЖЗҚ кеңсесіне барудың қажеті жоқ, өйткені зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша шот автоматты түрде ашылады.

ЖЗШ ашу және зейнетақы жарналарын аудару мәселелері бойынша ақпарат БЖЗҚ сайтында орналастырылған.

3) БЖЗҚ салымшыларға өз шоттарын мониторингілеу және зейнетақы жинақтарын басқару үшін қандай онлайн-құралдар немесе қызметтер ұсынады?

БЖЗҚ қызметтерінің 90%-дан астамы автоматты, электрондық және қашықтықтан тәулік бойы (24/7) ұсынылады.

Зейнетақы шотын тұрақты мониторингілеу үшін Қор сайтындағы немесе мобильді қосымшадағы жеке кабинет арқылы үзінді көшірме алу неғұрлым жедел және ыңғайлы болып табылады. Үзінді көшірмеде салымшыға қажетті барлық ақпарат беріледі. Атап айтқанда, жинақтардың жалпы көлемі, оның ішінде жарналар түрлері бойынша жинақталған қаражат сомасы жеке көрсетіледі. Сондай-ақ, үзінді көшірмеден зейнетақы жарналарын қай ұйым, қандай уақытта аударғанын да білуге болады. Сондай-ақ, сұралған кезеңдегі инвестициялық кірістің мөлшерін көруге болады.

Жеке кабинетте зейнетақы шотының жай-күйіне қатысты ақпараттан басқа, өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, шоттың болуы туралы анықтама алу, зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндік бар.

Сондай-ақ, болашақ зейнетақының болжамды мөлшерін есептеуге және болашақта алғыңыз келетін зейнетақы мөлшерін көрсете отырып, зейнетақы жоспарын құруға көмектесетін зейнетақы калькуляторы мен дербес зейнетақы жоспарын пайдалануға болады.

Зейнетақы шоттары туралы ақпаратты БЖЗҚ сайты арқылы ғана емес, eGov.kz электрондық үкімет порталы немесе оның eGov mobile мобильді қосымшасы арқылы да алуға болады. Бұл мемлекеттік қызметтерді бірыңғай платформалар арқылы алуға дағдыланған азаматтар үшін ыңғайлы.

4) Фрилансерлерге ерікті зейнетақы жарналарын аудару қажет пе, бұл жарналардың артықшылықтары қандай?

- Болашақта алатын зейнетақыңыздың мөлшерін арттыра түскіңіз келсе, зейнетақы қорына ерікті зейнетақы жарналарын да аударып отырсаңыз болады. Ерікті зейнетақы жарналарының артықшылығы көп. Мәселен, Сіз жарна мөлшері мен төлеу кезеңділігін, жинақталған зейнетақы қаражатын алу тәртібін өзіңіз белгілейсіз. Ерікті аударымдарды екінші деңгейдегі банктердің ұялы қосымшалары арқылы төлеуге болады. Бұл БЖЗҚ салымшылары үшін тиімді әдіс.

Айта кетелік, өзіңіздің ғана емес, кез келген үшінші тұлғаның – мысалы, жұбайыңыздың, ата-анаңыздың, туған-туыстарыңыздың, тіпті кәмелетке толмаған балаңыздың да ерікті зейнетақы шотына жарна аударуыңызға болады. Бұл үшін оның жеке сәйкестендіру нөмірін енгізсеңіз жетіп жатыр.

ЕЗЖ бойынша жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу үшін БЖЗҚ кеңсесіне барудың қажеті жоқ, зейнетақы жарналарының басқа түрлері сияқты ЕЗЖ есепке алынатын ЖЗШ алғашқы жарна аударылған сәтте автоматты түрде ашылады.

Ерікті зейнетақы жарналары да, міндетті зейнетақы жарналарының барлық түрлері сияқты инвестицияланып, салымшыларға табыс әкеледі. Егер инвестициялық портфельді басқарушы компанияларға міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жинақтарының 50% дейінгі мөлшерін аударуға рұқсат етілсе, ерікті зейнетақы жинақтары толық көлемде сеніп тапсыруға болады.

Сондай-ақ, ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін 50 жастан бастап алуға болады. Салымшының ЕЗЖ аудару туралы дер кезінде қабылдаған шешімі зейнетақы капиталын едәуір толықтыруға және болашақта жоғары мөлшердегі төлемдер алуға негіз бола алады.

5) Фрилансерлердің зейнетақы жинақтарын инвестициялана ма?

Қазақстанның басқа азаматтарының зейнетақы жинақтары сияқты, фрилансерлердің зейнетақы жинақтары да инвестицияланады. Инвестициялаудың негізгі мақсаты - ұзақ мерзімді перспективада нақты табыс табу. Сондықтан оларды басқару нәтижелерін объективті бағалау үшін кем дегенде 1 жыл кезеңіндегі деректерді талдау қажет. Мұндай мерзім ұзақ мерзімді перспективада инвестициялардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Инвестициялаумен Қазақстанның Ұлттық Банкі және бес басқарушы компания айналысады: "Jusan Invest" АҚ, "Halyk Global Markets" АҚ, "BCC Invest" АҚ, "Сентрас Секьюритиз" АҚ, "Halyk Finance" АҚ. Сіз басқарушы компанияны өзіңіздің қалауыңыз бойынша таңдай аласыз.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және зейнетақы активтері орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың ресми сайтындағы (www.enpf.kz) "Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет" бөлімінде ай сайын жарияланып отырады.

Пенсионные накопления казахстанцев достигли 22,75 трлн тенге

Объем пенсионных накоплений казахстанцев на 01.04.2025 г., складывающихся из взносов, поступающих на их счета, и инвестиционного дохода, составил 22,75 трлн тенге, продемонстрировав рост за год на 3,86 трлн тенге или на 20,5%.

Пенсионные накопления за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ) составили на 1 апреля 2025 года 21,76 трлн тенге, показав рост за 12 месяцев на 19,3%.

Сумма пенсионных накоплений по обязательным профессиональным пенсионным взносам (ОППВ) составила 653,83 млрд тенге, демонстрируя рост за 12 месяцев на 9%.

Наибольший прирост за год (39,5%) показали накопления по добровольным пенсионным взносам (ДПВ), которые на 1 апреля 2025 года составили 8,19 млрд тенге.

На 01.04.2025 г. сумма пенсионных накоплений за счет обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР), поступающих с 1 января 2024 года на пенсионные счета вкладчиков (получателей), составила 329,12 млрд тенге.

Поступления

Прирост накоплений обеспечивается за счет входящих потоков в виде пенсионных взносов и инвестиционного дохода. При этом в виде взносов на индивидуальные и условные счета вкладчиков за 3 месяца 2025 г. поступили средства в размере 762,22 млрд тенге (рост на 22,2% или на 138,62 млрд тенге по сравнению с показателем прошлого года).

На индивидуальные пенсионные счета (ИПС) по учету ОПВ с начала года на 01.04.2025 г. поступило 630,91 млрд тенге (по сравнению с аналогичным периодом прошлого года объем ОПВ увеличился на

13,3%), ОПВР – 35,31 млрд тенге (рост на 22,4%), ДПВ – 809 млн тенге (рост на 14,8%). Взносы за счет ОПВР за первые 3 месяца 2025 г. составили 95,18 млрд тенге.

Выплаты и переводы

Выплаты по всем видам взносов и переводов в страховые организации из ЕНПФ за 3 месяца 2025 года составили 371,44 млрд тенге, что превышает объем выплат прошлого года показателя на 92,5% или на 178,47 млрд тенге.

Большую часть выплат составляют единовременные пенсионные выплаты (ЕПВ) на улучшение жилищных условий и лечение – 219,10 млрд тенге.

Выплаты по возрасту на 01.04.2025 г. увеличились за 12 месяцев на 23,10% и составили 56,40 млрд тенге. Стоит отметить, что сумма средней ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ в связи с

достижением пенсионного возраста составила 35 638 тенге.

С начала года по 01.04.2025 г. также осуществлены выплаты по наследству – 16,63 млрд тенге, выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы РК – 8,46 млрд тенге, выплаты лицам с инвалидностью – 801,25 млн тенге, выплаты на погребение – 2,63 млрд тенге. В страховые организации переведена сумма в размере 67,43 млрд тенге.

Количество ИПС

Общее количество пенсионных счетов в ЕНПФ на 1 апреля 2025 года составило 17,44 млн единиц (рост за 12 месяцев - 1,66 млн единиц или 10,5%). При этом количество ИПС вкладчиков (получателей) в ЕНПФ на 1 апреля 2025 г. составило 12,54 млн единиц, из них: 11,17 млн - по ОПВ, 729,35 тыс. - по ОПВР, 446,65 тыс. - по ДПВ.

Количество условных пенсионных счетов в ЕНПФ, на которых учитываются сведения о поступивших ОПВР в соответствии с законодательством Республики Казахстан, составило 4,91 млн единиц.

Пресс-центр АО «ЕНПФ».

Сиверс алма ағашы – табиғаттың ғажайып сыйы

Жетісу облысының асқақ тауларын-да өсетін Сиверс алма ағашы – әлемдегі барлық алма сорттарының түп қазығы, Жоңғар-Алатауы ұлттық табиғи паркінің мақтанышы. Бұл ерекше ағаш жылы-на бір-ақ рет, көктемнің соңында, ақ бұлттай үлбіреген гүлдерге оранып, тау-лы аймақты ертегі әлеміне айналдыра-ды. Әдемі гүлдеу кезеңі сәуір айының соңында басталып, небәрі екі аптаға со-зылады.

Сиверс алма ағашының тарихы XVIII ғасырдан бастау алады. Неміс ғалымы Иоганн Сиверс Қазақстан тауларында жабайы алма ағаштарын алғаш зерттеді. Кейін ботаник Михаил Попов олардың қазіргі алма түрлерінің түпнұсқасы екенін дәлелдеді. Академик Николай Вавилов Тянь-Шаньды бүкіл әлемдік алмалардың Отаны деп таныды. Кеңес заманында алма ағашының бұл түрін ұзақ уақыт Қазақстан ҰҒА академигі, ҚазКСР ҒА жеміс шаруашылығы және жүзім шаруашылығы институтының бірінші басшысы болған, "алманың әкесі" атанған Аймақ Жанғалиев зерттеп, оның көптеген шетелдік әріптестерінің көп жылдық еңбегінің нәтижесімен Қазақстан «жабайы алмасы» (Сиверс алмасы) біздің ғаламшардағы алма өсімдігінің ата-сы екенін дәлелдеп растады. Биіктігі 6-8 метрге жететін жеміс ағашының гүлдері ірі, түсі ақ немесе сұр-қызғылт. Бұл өте әдемі көрініс Сиверс алма ағашының гүлдеуі сәуір-мамыр айларына келіп, осы уақытқа керемет табиғат көрінісін тамашалау үшін ұлттық паркке келуші туристердің саны артып келеді. Гүлдеу кезеңінің орта уақытында, шамамен ма-мыр айларының басында 2018 жылдан бері «Сиверс алмасының гүлдеуі» атты фестиваль өткізіп келеміз.

Жылдағы дәстүр бойынша ерекше аталынып өтетін бұл фестивальдің ба-сты мақсаты жабайы алма ағаштың осы тұқымының жойылып кетпеуіне жағдай жасау арқылы өңірде тау туризмін дамы-ту.

Соның ішіндегі жердің жәннаты са-налатын Жетісудың табиғатына тамсан-байтын адам жоқ. Бүгінгі фестиваль да, Жетісудың тағы бір әсем жері Сарқан жерінде жоғарғы деңгейде өткізіледі. Біздің басты мақсатымыз жабайы алма тұқымын сақтап қалу. Бүкіл әлемге осы жерден барлық алманың ежелгі түп атасы екендігін одан әрі паш ету. Әрине, бұдан бөлек экологиялық туризмді дамытуға жағдай жасау.

М.СУЛЕЙМЕНОВА,
«Жоңғар-Алатауы МҰТП»
рекреация және туризм инженері.

«Жоңғар-Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ғылыми-зерттеу жұмыстары

Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің 2021-2025 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспары орман шаруашылығы және жа-нуарлар дүниесі комитетінің 28.01.2021 жылғы № 27-5-6/19 бұйрығымен бекітіліп, Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетімен (09.01.2021 ж.№11/16-7 хаты) келісілген. Осы жоспарға сай Ғылым бөлімінің қызметкерлері келесі бағыттарда ғылыми зерттеу жұмыстарын атқаруда: «Жоңғар Алатауы» МҰТП табиғи кешеніндегі құбылыстар мен процесстерді бақылау және Табиғат жыл-намасы кітабын жүргізу (Орындаушылар: Ғылым бөлімінің қызметкерлері); «Жоңғар Алатауы МҰТП аумағындағы мысықтар тұқымдасының экологиялық жағдайы» (Орындаушы: «Жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту» бөлімінің басшысы Молдахан Ж.); «Жоңғар Ала-тауы» МҰТП аумағындағы Тянь Шань қоңыр аюының қазіргі уақыттағы таралу аумағы мен саны» (Орындаушы: «Жа-нуарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту» бөлімінің аңшылықтанушысы Кумарғалиев Ж.); «Жоңғар Алатауы» МҰТП флорасына түгендеу жүргізу және сирек кездесетін және жойылу қаупі бар өсімдік түрлері популяциясының жағдайын зерттеу» (Орындаушы: Ғылым бөлімінің басшысы Нургожанова Ж.С.); «Жоңғар Алатауы» МҰТП аумағында таралған жәндіктердің түгендеуі» (Орын-даушы: Ғылым бөлімінің аға ғылыми қызметкері Канапьянова А.Н.);

«Жоңғар Алатауы» МҰТП табиғи кешендеріндегі құбылыстар мен процесстерді бақылау және Табиғат

жылнамасының мақсаты: Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың табиғи-аумақтық кешендерінің жай-күйін бағалау және оларды табиғи қалпында сақтау мақсатында табиғи процестердің даму серпінін зерделеу.

«Жоңғар-Алатауы МҰТП аумағындағы мысықтар тұқымдасының экологиялық жағдайы» жұмысының басты мақсаты парк аумағында мысықтар тұқымдасының экологиялық жағдайын, санын және тара-лу аумағын анықтау.

«Жоңғар-Алатауы» МҰТП аумағын-дағы Тянь-Шань қоңыр аюының қазіргі уақыттағы таралу аумағы мен саны» жұмысының басты мақсаты парк аумағындағы Тянь-Шань қоңыр аюының қазіргі уақыттағы таралу аумағы мен са-нын анықтау.

«Жоңғар Алатауы» МҰТП флорасына түгендеу жүргізу және сирек кездесетін және жойылу қаупі бар өсімдік түрлері популяциясының жағдайын зерттеу» жұмысының міндеттері мен мақсаттары: Ұлттық парк аумағында таралған флораға толық түгендеу жүргізу; таксономиялық алуантүрлілікті анықтау; түрлерге сипат-тама беру; өсімдіктер қауымдастығының таралу ареалын анықтау; Қазақстанның Қызыл кітабына енген сирек өсімдік түрлеріне тұрақты бақылау жүргізуге арналған мониторингтік алаңдар, объектілер және маршруттар орнату; Қазақстанның Қызыл кітабына енген си-рек және эндемик өсімдік түрлерінің та-ралу ареалын анықтау; Қазақстанның Қызыл кітабына енген сирек және эн-демик өсімдік түрлеріне қорғау шара-ларын ұйымдастыру; Қазақстанның

Қызыл кітабына енген сирек өсімдік түрлерінің картасын жасау; кеппешөп қорларын толықтыру; фототека қорларын толықтыру; Сирек өсімдік түрлерін сақтау, қорғау туралы ғылыми негізделген ұсыныстар беру.

«Жоңғар-Алатауы МҰТП» аумағында таралған жәндіктердің түгендеу» жұмы-сының мақсаты мен міндеттері: Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі жәндіктерінің биоалуантүрлілігін түгендеу; Тақырып бойынша далалық жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу; Энтомологиялық коллекциялар-ды құрастыру үшін жәндіктерді жинау; Жәндіктердің тіршілік ету ортасының тара-луын зерттеу; Бастапқы материалдар мен ғылыми әдебиеттерді зерттеу әдісімен жаңа түрлерін анықтау. Жәндіктердің таксономиялық тізімін жасау.

Ғылыми тақырыптар бойынша ғылыми зерттеу жұмыстары Қазақстан Республи-касы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2024 жылғы 17 маусымдағы №124 бұйрығымен өзгерістер енгізілген АШМ 13.03.2012 ж. № 25-02-01/94 бұйрығымен бекітілген «Табиғат қорғау мекемелерінде ғылыми қызмет және ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу қағидасына» сәйкес жүргізілді. Тақырыптар бойынша аралық жылдық есеп құрастырылып, жоспардағы орын-далу мерзіміне сәйкес уәкілетті органға тапсырылды.

Ж. НУРГОЖАНОВА,
Жоңғар Алатауы МҰТП Ғылым
бөлімінің басшысы.

БОЛАШАҚ ҰРПАҚ АЛДЫНДА ЖАУАПТЫМЫЗ

Орман – ол оттегі, ылғал мен азайып бара жатқан тұщы судың қайта қалпына келуіндегі кепілдігі. Орман - ол өрттүрлі жа-нуарлар мен құстардың өмір сүру ортасы. Халқымыз «Табиғат – адамзаттың өмір нәрі, қажетінің табылар содан бәрі» - деп бекер айтпаған.

Орманның алғашқы жауы – өрт қаупі. Орман өрттері құрғақ ауа райы мен жел кездерінде айтарлықтай үлкен аумаққа таралып кетеді. Ауа райының ыстық кездерінде, егер жауын-шашын болма-са, ормандар құрғап, кез келген абай-сыз жанған оттың әсерінен өрт тез тара-лып кетуі мүмкін. Ең өртке қауіпті орман өсімдіктеріне қарағайлы, жапырақты ағаштар жатады. Ормандардағы түскен жапырақтар, бұталар және құрғақ шөптер мен ну қамыстар қауіпті өрт тудырады.

Олар үлкен зардап шектіреді.

Дегенмен бес саусақтың бәрі бірдей емес. Кейбір демалушылар орманның таза ауасымен тынығып, сұлулығын та-машалап жүріп от жағады, тұрмыстық қалдықтарды тастап кетеді, ағаш бұталарын сындырып, зиянын тигізеді. Ал, босаған пластик ыдыстар, әйнектер, темекі қалдығы, дұрыс сөнбеген от ошақтары орманға апат алып елуі мүмкін.

Осы ретте аудандық орман шаруашылығының мекемесі орман өртінің алдын алу шараларын естеріңізге салады:

- Орманға демалуға барар кезде рұқсат қағаз алып, арнайы демалатын орындарға бару керек;

- Қайтар кезде отырған орынды жинап, от ошағына су құйып немесе топырақпен

көміп сөндіру қажет. Әйнек, қағаз қалдықтарын жинап кету керек;

- Агрегаттар мен көліктер өрт сөндірудің бастапқы құралдарымен қамтылуы керек. Олар: күрек, сыпырғыш, өрт сөндіргіш, т.б.

Орман өрті – үлкен апат. Ол орманға ғана емес, қоршаған ортаға да үлкен зиян келтіреді. Сондықтан ауыл адамдарын, келген қонақтар мен демалушыларды табиғат ана сыйлаған асыл мұра - орма-нымызды сақтауға шақырамыз.

Өңіріміздің ең үлкен табиғи – байлығы орманды жасыл-желек ресурстарын дұрыс ұқыпты пайдалануға бүгінгі ғана емес, болашақ ұрпақ алдында жауаптымыз. Бабамыз «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» деген. Табиғатқа зиян келтірмес үшін «Бөрлітөбе орман шаруашылығы» КММ-нің қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерін атқара бермек.

Е.СМАГУЛОВ,
«Бөрлітөбе орман шаруашылығы»
КММ-нің Көкжиде орманшылығының
№23 айналымының орман-күтушісі.

•101 ескертеді

Егін – еліміздің байлығы мен қазынасы. Егінді тек өсіріп және жинап алу ғана емес, сонымен бірге оны аса қауіпті жаулардан, мәселе оттан қорғау маңызды. Егін алқабындағы өрт – үлкен апат. Ол шамалы уақыттың ішінде, әсіресе желді күндері, жолындағының бәрін жоя отырып, үлкен алаңға жайы-лып кетеді. Егін орағы - өрт жағдайына қарағанда өте қауіпті мезгіл: кішкентай ұшқын немесе сөндірілмей тасталған темекі тұқылы адамдардың жаздайғы еңбегін еш етеді. Егін орағы бастал-май тұрып, оған қатынасатын барлық қызметшілермен (бригадирлер, трак-тор, комбайн, автокөлік жүргізушілері және де басқа егінді тасу, кептіру, сақтау қызметтеріне қатынасатын адам-дар) алғашқы өрт қауыпсіздігі туралы нұсқаулықтар өткізу қажет.

Туындауы мүмкін өрттерді жылдам сөндіру үшін егін орағына қатынасатын автокөліктер мен техникалар алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуы керек. Барлық үлгідегі комбайндар 2 өртсөндіргіш, 2 сұқпалы күрекпен

және 2 сыпырғышпен, тракторлар – 1 өртсөндіргішпен, 1 сұқпалы күрекпен жабдықталуы қажет. Тракторларды, ком-байндарды және автокөліктерді егін орағында жұмыс істеуге мұқият дайын-дау қажет: коллекторлар қызып кетпеу және сөндіргіштен шоқ лақтырмау үшін, қоректендіру және тұтату жүйелерін реттеу керек; жанармай мен майлар-ды беру жүйелерінің құбырлары, ыды-стары жарамды болмауы керек; электр желілері жарамды жағдайда болуы ке-рек; тракторлар мен комбайндардың қозғалтқыштарының түтін шығу құбырлары шоқсөндіргіштермен жабдықталуы қажет. Комбайндардың қозғалтқыштарының коллекторларына масақтар түспес үшін қорғағыш торлары және жапқыштары болуы керек.

Егін шабуды егін алқабын 50 га аспай-

тын алаңдарға бөлуден бастау керек. Алаңдардың аралары ені 8 м болып ша-былып, тақырланады. Шабылған сабан-дар егін алқаптарынан дереу жиналып алынып отыру керек. Тақырлардың орта-сы ені 4 м болып жыртылу керек. Уақытша дала тұрақтары егін алқаптарынан, қырымдардан 100 м жақын жерге орналастыруға болмайды. Уақытша дала тұрақтарының, қырымдарының айнала-сы ені 4 м болып жыртылып тасталады.

Егілген егіннің жемісін бірсу үлкен еңбекті талап етеді, олай болса егінді алқаптардағы өрт қауіпсіздік ережесіне немқұрайлы қарау жат қылық.

М. САРКУЛОВ,
Сарқан ауданының ТЖБ инженері,
азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Су - тілсіз жау

- Суға шомылғанда, тек жабдық-талған жағажайларға және басқа ар-найы шомылуға бөлінген орындарға шомылыңыздар;

- Жүзе білмей тұрып, беліңізден жо-ғары келетін суға түспеңіз!

Құрметті ата-аналар!

-Қатаң түрде балаларды үлкен-дердің бақылауысыз су қоймаларының жағалауында қалдырмаңыздар;

-Балаларға үрлемелі матрац-тармен, камералармен, тақтайлармен, үрлемелі ойыншықтармен жүзуге қатаң түрде тыйым салынады!

Ө. ҚАБДЕШОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ аға
инженері, азаматтық қорғау
аға лейтенанты.

Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті

Кез-келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы жаман әдетпен күресу болып табылады. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы — адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Д. ҚАЛИБЕКОВ,
ҚР Әділет министрлігі Жетісу облысы әділет департаментінің «Ақсу ауданаралық мәжбүрлеп орындату аумақтық бөлімі» филиалының сот орындаушысы.

Медициналық көмекті төлеудің бірыңғай жүйесіне мониторинг жүргізу пилоттық жобасына барлық аймақ қосылды



Енді көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізу Қордың бірыңғай жүйесінде еліміздің барлық 20 өңірі бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте экстерриториялық қағида мен үш кезеңнен тұратын апелляция мүмкіндігі қолданылады.

Алдында хабарланғандай, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры медициналық көмектің сапасы мен көлемін мониторингілеу рәсімдеріне ауқымды өзгерістер енгізуде. 2025 жылдың 17 наурызында «Saqtandyru» ақпараттық жүйесі арқылы Медициналық көмекті төлеудің бірыңғай жүйесі аясында мониторингтің пилоттық жобасы іске қосылды.

«Басты өзгерістердің бірі – монито-

рингке қатысты барлық процестердің Қордың бірыңғай ақпараттық жүйесі аясында біріктірілуі болды. Бұған дейін жұмыс бірнеше бөлек платформа-лар арқылы жүргізіліп, бұл деректерді бақылау мен өңдеу ісін қиындатты. Орталықтандырылған цифрлық жүйеге көшу – денсаулық сақтау саласындағы автоматтандыру мен цифрландыруды дамыту жолындағы маңызды қадам», – деді Қордың басқарма төрағасы Айдын Құлсейітов.

Пилоттық жоба бастапқыда Ақмола облысының медициналық ұйымдарында жүзеге асырылды. Тестілеу барысында форматтық-логикалық бақылауды қолдану талданды. Ақауларды анықтау алгоритмдерін жетілдіруге өзгерістер

енгізіліп, медициналық ұйымдар тарапынан анықталған кемшіліктер бойынша келіспеушілік білдіру негізділігі тексерілді.

Мамыр айында жобаға тағы 8 өңір қосылып, 2-ші маусымнан бастап қалған 11 өңір, оның ішінде республикалық маңызы бар қалалар да пилотты жүйеге көшті.

Қорда атап өткендей, мониторинг жүргізу барысында тәсілдерді оңтайландыру қарастырылған. Яғни, мониторинг түрлерінің саны қысқарады, бастапқы бақылаудың сапасын арттыру және бірыңғай талаптарды енгізу арқылы анықталатын ақаулар саны азаяды.

Ашықтықты арттырып, мүдделер қақтығысын болдырмау үшін экстерриториялық қағида енгізіледі. Бұл – бір өңірдегі жеткізушіні басқа өңірлердегі Қор мамандарының тексеруі деген сөз. Мұндай тәсіл бағалау нәтижесінің объективтілігін арттырып, тексеру қорытындыларына деген сенімді күшейтеді.

Мұндағы жаңашылдық үш кезеңнен тұратын апелляция жүйесі болмақ. Медициналық ұйымдар мониторинг нәтижелері бойынша өз ескертулерін ақпараттық жүйе арқылы тікелей жолдай алады. Мысалы, Ақмола облысындағы пилот кезінде жеткізушілердің 30 пайыздан астам шағымын Қор қабылдаған. Мұндай тәсіл ашықтықты қамтамасыз етіп, тараптар арасында диалог пен сатып алу шарты аясындағы әріптестік қатынастарды дамытуға жол ашады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.

Осторожно: интернет мошенники!

С начала года области Жетісу зарегистрировано 197 (153) фактов интернет мошенничества, в целом в сравнении с прошлым годом отмечается снижение интернет-мошенничества на 28,8 %.

197 фактов интернет мошенничества в разбивке по регионам: г.Талдыкорган - 108, г.Текели - 19, Ақсу – 9, Алаколь – 11, Ескельдинский - 10, Кербулакский – 8, Каратальский - 10, Коксуский – 6, Панфиловский – 7, Сарканский - 9.

В основном данный вид преступления совершается с использованием сотовых телефонов.

Мошенники используют различные способы получения необходимых персональных данных граждан для доступа к банковским сведениям: представляются высокопоставленными сотрудниками полиции, направляя на мессенджер WhatsApp заранее подделанные, подтверждающие документы: служебные удостоверения, постановление о возбуждении досудебного расследования, заверенные гербовой печатью, представляются сотрудниками финансовых отделов различных банков.

К примеру, Управлением полиции г.Талдыкорган расследуется досудебное расследование по заявлению гр. А. по факту незаконного оформления на нее онлайн денежного кредита и завладению ими. Далее, они вводят Вас в заблуждение о том, что на Вас оформлен кредит и просят сообщить сведения по банковской карте: номер карточки, CV код, расположенный на обратной стороне банковской карты.

Зачастую мошенники используют звонки на мессенджер WhatsApp, поскольку звонки в WhatsApp трудно отследить, так как данные лица могут находиться как внутри страны, так и за ее



пределами.

Интернет мошенничества совершаются также с использованием интернет сайтов : «Колеса», «Крыша», «OLX».

Через социальные сети : «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук» , «В контакте» при публикации объявлений о продаже имущества. При этом мошенники наиболее часто используют очень низкую стоимость дорогих вещей, привлекая таким образом покупателей.

В настоящее время в связи с активизацией данного вида преступлений органами полиции принимаются меры направленные на предотвращение совершения данного вида преступлений. МВД начал рассылку SMS уведомлений предупредительного характера о мошеннических действиях преступников.

Органы полиции Республики призывают граждан быть бдительными и придерживаться основных мер предосторожности.

Основные рекомендации МВД:

1. Ни в коем случае не следовать так называемым «телефонным инструкциям» работников банков или правоохранительных органов об оформлении кредитов, продаже имущества и переводе своих денег на безопасные счета, либо оформле-

нии займов. Правоохранительные органы не проводят специальных операций по телефону.

2. Никому не сообщать свои персональные данные, реквизиты пластиковых карт, не передавать квитанции о переводах, и тем более коды и кодовые слова даже лицам, представляющимися сотрудниками банка, полиции и т.д.

3. Не доверять персональные данные неизвестным и непроверенным сайтам и другим источникам. Без проверки не производить предоплату. Пробовать договориться об оплате после получения товара. Такие услуги предоставляются к примеру Казпочтой.

4. Не осуществлять переводы по сомнительным сделкам, остерегаться финансовых схем без прозрачного источника дохода.

5. Для установки приложений пользоваться только официальными источниками App Store, Play Market и т.д.

6. Не переходить по ссылкам, которые направляют якобы для оплаты либо данные могут содержаться с СПАМ рассылках от неизвестных контактов или в сплывающих окнах. Часто мошенники предлагают для оплаты перейти по ссылке, которая на самом деле является фишинговой.

7. Регулярно менять пароли доступа к услугам банкинга, использовать 3D защиту и другие меры безопасности, предлагаемые банками

8. Чаше проверять движение денег на своих счетах.

М.ХАЙРБАЕВ,
Старший прокурор отдела ФПИ в уголовной сфере Департамент Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК по области Жетісу.

Заң алдындағы міндет: Салық төлеу тәртібі

Бүгінгі күнде заң мен әділеттің сақшысы бола отырып, азаматтардың мемлекет алдындағы міндеттерін орындау мәселесін күнделікті тәжірибемізде жиі кездестіреміз. Солардың ішіндегі ең өзектісі әрі маңыздысы - салық міндеттемелерін орындау.

Салық - бұл жай ғана төлем емес. Бұл — мемлекет пен азаматтың арасындағы сенім мен жауапкершілікке құрылған қоғамдық келісім.

Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, әрбір жеке және заңды тұлға салықты уақытында және толық көлемде төлеуге міндетті. Бұл - еліміздің барлық азаматы үшін міндетті құқықтық норма.

Сонымен қатар, "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Заңда салық берешегін өтемеген тұлғаларға қатысты мәжбүрлеу шаралары нақты көрсетілген: Банктік шоттарға тыйым салу; Жылжымайтын және жылжымалы мүлікке шектеу қою; Елден шығуға уақытша тыйым салу;

Мұндай шаралар ешқашан алғашқы қадам емес. Олар - ескерту мен бірнеше мүмкіндік берілгеннен кейін ғана қолға алынатын заңды әрекет.

Алайда заң алдындағы міндет ақпарат келу-келмеуіне немесе адамның біліп-білмеуіне тәуелді емес. Цифрлық ғасырда әр азамат eGov.kz порталы, Kaspi.kz немесе ХҚКО арқылы өз міндеттемелерін бақылауға толықтай мүмкіндігі бар.

Құрметті оқырман, салық міндеттеменіңді уақытында орындап, құқықтық салдарға жол бермеңіз. Егер қандай да бір қиындық туындаса, жеке сот орындаушысымен байланысқа шығып, мәселені бейбіт жолмен шешіңіз.

А. ИМАНДУСАНОВ,
Жетісу облысының атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, барлық жанрда қалам тартқан әмбебап дарын – ақын, жазушы, драматург, журналист Ілияс Жансүгіров азғана ғұмырында көптеген поэма жазды. Соның бірі – 1926 жылы жазылған «Рүстем қырғыны» дастаны. Бұл туынды ақынның көзі тірісінде жарияланбаған. Өмірден өткен соң, жиырма екі жылдан кейін, яғни 1960 жылы алғаш жарық көрсе, екінші рет 2004 жылы жазушының «Қазығұрт» баспасынан шыққан көптомдығының 3-томына енген.



Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ

Бұл туынды туралы талдап-толғап жазылған еңбек жоққа тән. Тек қана филология ғылымдарының докторы, профессор Мұратбек Иманғазиновтың «Рүстем қырғыны» дастаны қазақ халқы өміріндегі жаугершілік кезеңді – қалмаққа қарсы күресті, феодалдық дәуірдің кертартпа қақтығыстарын, азаттық, тәуелсіздік жолындағы күресті, рулық кездегі адамға, малға байланысты күрес-тартыс ескілік көзқарастарды, соның сарқыншақтарын танытады. Әсіресе найман мен үйсін руларының арасындағы қақтығыс, адам тағдыры, ел намысы тезіне түседі», деген пайымынан басқа сөз жоқ.

Дастанның «Рүстем қырғыны» аталуына себеп, XVII ғасырдың алғашқы ширегінде патшалық Ресей Жетісу өңірін отарлау саясаты салдарынан қоныс-ерісі тарылған қазақ ру-тайпалары әрі-бері босып көшкендіктен жайылымға талас, барымта-сырымта өрістеп, оның ақыры қырғынға ұласқаны айтылады. Осы қырғынды ұйымдастырған адам – Рүстем төре.

Осы орайда «Рүстем төре кім?» деген сұрақ туындайды. Осыдан ғасыр бұрын жазылып, Орталық мемлекеттік архивте сақталған атақты болыс Құдайберген Тұрысбекұлының дерегінде бұл адамды «Нан атқан төре» деп баяндапты. Зерттеуші Қ.Ахметов «Кенесары ханды жауға тастап кеткен қай Рүстем?» атты мақаласында: «Оңтүстік өңірде Арыс өзені бойында Рүстем төренің ұрпақтары қоныстанған. Олар өздерін «Нан атқан төреміз» деп айтады» десе, Абай атамыздың шәкірті Көкбай ақынның «Төрт төре» атты дастанында: «Рүстем Кенеменен немере еді, Қолынан бір кісінің не келеді? Астыртын жүруші еді хабарласып, Ақыл мен қайраты мол кемел еді» деген шумақтар бар. Осыдан Рүстем төре Кенесарының аталас ағайыны екенін аңғарамыз. Бұл сөзіміз Шоқан Уәлиханов жазбаларындағы: «Рүстем төре Абылайдың Қашқар бегінің қызы Бабақ ханымнан туған алты ұлдың екіншісі» деген мәліметін нақтылай түседі.

Сондай-ақ шығыстанушы һәм ақ патшаның құпия кеңесшісі 1830 – 1846 жылдары Ресей империясы Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментінде қызмет атқарған Николай Любимовтің «Шығысқа сапар» атты жазбасында: «Рүстем төре әуелі Қоқан иелігінде көшіп жүрген, кейін олармен араздасып, алысырақ Үлкен ордаға қоныс аударған. Қыстығүні ол Құлжаға жақын маңда көшіп жүреді» дейді. Бұл төренің Құлжа маңына ойысуына себеп «нағашысы қашқарлық» екенін жоғарыда айттық.

Шығармадағы қырғында шабылған ел – Жетісу өңірін мекен еткен найман-матай жұрты. Осы топырақта туып-өсіп түлеген дүлдүл ақын Ілияс Жансүгіров 20-жылдары осы оқиғаны жазу үшін ел ішінен дерек жинайды. Көзіқарақты ел-жер тарихын біледі-ау деген адамдарға арнайы хат жазып, оларға «Рүстем қырғыны» туралы естіген-білгенін жазып, беруді өтінеді.

Ақыннан осындай өтініш алған адамның бірі Құдайберген болыс екен. Бұл кісі атақты Маман бай Қалқабайұлының немересі һәм байырғы жетісулықтар сүйсініп айтатын «Құйсаң толмайтын, төксең ортаймайтын, Маман – Тұрысбектің байлығын берсін!» дейтін құнды батада аты айтылған Тұрысбектің

бел баласы.

Өткен жылы «Egemen Qazaqstan» газетінің 8 қараша күнгі №217 санында жарияланған «Романовтар тойына қатысқан қазақ» атты мақалада: «Құдайберген болыс өз тұсында Алаш арыстарымен достық қарым-қатынаста болған һәм ғасыр басында ұлттық ағартушылық бағыт ұстанған қазақ басылымына көмектесіп тұрған. Алаш қайраткері Мұхамеджан Тынышбаевпен дос болған. Тарихшы ғалым «Қырғыз-

қазақ руларының шежіресі» атты еңбегін жазу кезінде оған Құдайберген болыс ел арасынан дерек жинап көмектескен» делініпті.

Енді мына дерекке назар аударайық. Жазушы-ақын Ілиясқа жазған Құдайбергеннің хаты – Алматы қаласындағы Орталық мемлекеттік мұрағатында (қор 1368, тізімдеме 1, іс 2, папка 117-121) сақтаулы тұр. Хатқа «Құдайберген Тұрысбек баласынан – Ілиясқа» деп тақырып қойылып, хат араб қарпінде жазылған. Яғни Ілияс ақын Құдайберген болысқа жазбаша түрде бірнеше сұрақ жолдап, естіген-білгенін хатқа түсіріп беруді өтінген. Құдайберген болыс болса, ақынның өтінішін жерге тастамай жауап хат жазған. Осы хатта баяндалған оқиғаларды ақын кейін дастан жазғанда дерек ретінде пайдаланып, хатты мемлекеттік архивке тапсырған. Сөйтіп, бұл хат бізге жетіп отыр.

Осы хатты архивтанушы Әбілхан Әбіласан кириллица жазуына түсіріп, көпшілікке ұсынған екен. Жүз жыл бұрын қарындашпен жазылған мәтіннің көп тұстары өшуге айналған. Кейбір әріп, сөздері өшіп те кеткен. «Хаттың соңғы бос жеріне ақын қырғын болған жылдарды мөлшерлеп «Ақ тышқан – 1868 жыл» немесе «Жеті аяз – 1872 жыл» деген сөздер жазыпты», дейді архивтанушы маман Ә.Әбіласан мырза.

Сол дәуір оқиғасын білгісі келген немесе ресейлік отарлау дәуірінде қазақ ру-тайпалары бастан кешірген қиындықтар туралы дерек іздеуші мамандар үшін бұл хат құнды екені анық. Хаттың қысқаша мәтіні мынадай:


«Құдайберген Тұрысбек баласынан – Ілиясқа

Ардақты ініміз Ілиясқа!

Сіз маған жазған екенсіз. Соған жауап қайтара алмаған себебім: ала жаздай безгек болып жаза алмадым. Айыпқа бұйырмаңыз! Енді білгенімізше жазып көрейік. Біз бұрынғы ескі оқумен оқығанбыз. Жазуымыз ұғымсыз болса да, ақидаға салып оқырсыз. Сіздің сұраған сөзіңіз:

1. Рүстем төренің қырғыз һәм қай нәсілден екені;
2. Біздің елдің (найман-матай елін айтады) көбісінің ауғаны;
3. Бізден басқа ауған ел бар ма?
4. Біздің елді қаратқан орыстың бастығы кім?

Бұл сұрақтарыңызға хәлімше жау-



«Рүстем қырғыны» дастаны қалай жазылды?

ап қатайын. Рүстем төре осы күннен (1924 жылды айтады) жүз жыл шама-сында бұрын туған. Хандардың тұсында зекетшілерін өлтіріп, ауылымен көшіп қашып Шу мен Іленің арасындағы жолмен құдық-құдыққа ит өлтіріп тастап, біздің елмен жапсарлас жалайыр еліне келіпті. Құдыққа ит өлтіріп салған себебі, арттан қуған кісі болса, құдықта ит жатқанын көріп, су іше алмай қайтып кетсін деген амалы екен. Ақырында сол ақылы дұрыс келіп, қуған сарбаздар құдықтағы итті көріп, жолдан кері қайтып кетіпті.

Рүстем төренің анық қай тұқымнан екенін біле алмадым. Бір шалдардан сұрап едім «нанатқан төренің тұқымы» деді. Ол «нан атқан төрені» ешбір тарихтан көргенім жоқ. Біздің қазаққа дәл хан болған Есімхан еді. Оның баласы қанішер Абылай. Оның баласы Уәли, Бақы деген екеу екен. Соның біреуінің баласы мәшһүр Абылай хан. Есімханның кіші қатынынан Тәуке хан баласы Әбілмәмбет, оның баласы Әбілфайыз болар дедік. Ішінде «нанатқан» төре жоқ.

Бірақ Шыңғыс ханның төрт баласының біреуінің тұқымының жуасын білмеймін. Әйтеуір кім болса ол болсын, жалайыр ішіне келіп төре болып тұрыпты. Ол заманда үйсін-найман бір-бірінен мал қуып, барымта, қуғын-сүргін қылып жүреді екен.

Сонан соң Рүстем төре біздің елден де, үйсіннен де кісі шақыртып: «Мен дәм-тұзым ауып бұл жерге келіп қалдым. Сіздердің тату болып тұруларыңызды тілеймін. Егер де осыдан былай біреудің біреуде ақысы болса мал қумай, әсілі ел жақсыларына айтып, сөйлесіп алсын! Егер сөйлеспей мал қуып, барымта алса, екі елдің жақсы азаматтары, би-төрелері сол мал қуған тентектердің өтеуінде болып, айып салып жазалы қылалық» деп, боз бие алып келіп, айтып сойып, бата қылып екі жақ уағда қылып тарқапты.

Сонан соң біздің ел тағы мал қуып, барымта алып қойса керек. Рүстем төре екі жақтан ел жинап, бұрынғы уағда бойынша мал алған адамдарға айып кесіп, қатты жаза қылмақ болса, біздің ел оған (найман – матай елі) көнбейді. Сонан соң төре біздің елдің жақсыларына, батырларына өкпелеп, уағдасыз ел екенсің деп артына кек сақтап қалады. Сөйтіп, араздасып тұрған мезгілде, орыс келіп кіші жүзді һәм арғынды алып келе жатыр деген соң біздің ел сөйлесіп, «бұл көпірге қайтіп қараймыз, әйтеуір сарт болса да мұсылман ғой, енді Қоқан хандығына қарайық, үйсін де қарап тұр» деп көшіп үйсін ішіне барыпты.

Біздің Тәнеке батырдың артынан ерген ел ботпай Тойшыбек батырдың қасына барыпты. Тастамбек батырдың артынан ерген ел тағы бір жерге барыпты. Сол екі болыстай елге бас болғанның біреуі қыдырәлі Тәнеке батыр, біреуі құлшан Тастамбек батыр. Екеуі бір борбайдың (туыс деген мағынада) баласы және де екі батыр өзара араз болса керек. Ал енді ол жерге барған соң Қоқан ханға барып білінуге, көрінуге керек болған соң тартуға ат айдап, екі кісі басшы болып біздің жақтан менің үлкен атам Қалқабай, екінші жақтан Тастамбек батыр екеуі барып ханға көрініп, тарту-таралғысын беріп, қанша ел келгені хақында есеп-қисабын беріп қайтыпты.

Хан біздің атамыз Қалқабайға қодастың құйрығы ту беріпті. «Елдеріңе айт: ұрлық қылып, өтірік айтпасын және көрші болып тұрған елдеріңмен тату тұрыңдар!» деп жарлығын айтып қайтарыпты. Олар аман-есен елге келіпті. Ал енді адам баласы үйренген ісін қоя ма. Тағы да тыныш тұрмай өздерінің үркіп қашып жүргенін ұмытып, сол елден мал ұрлай бастапты. Сонан соң үйсіннің адамдары ханға білгізіпті. Мына қашып келген ел малымызды ұрлап мазамызды кетірді деп».

Жоғарыдағы хатта жазылған оқиғаны ақын Ілекең «Рүстем қырғыны» дастанында былай деп жырлапты:

Жетісу үйсін, найман қоныстанған,
Кезінде орта жүзді орыс алған.
Қарады түгелімен арғын, найман,
Қалпымен қаракерей бодан болды,
Күні еді садырдың да қарап қалған.

Қоқанның ол уақытта құлқынында ед,
Ұлы жүз – үйсін, суан, дулат, албан,
Орыстағы орта жүз бөлектеніп,
Өте үрікті матай біткен
Қараталдан.

Ел іші қашан аман дау-шатақтан,
Барымта, басып алыс болып жатқан,
Арада неше түрлі адам өліп,
Жауласып ру-ру қанға батқан.

Осы ыза үйсін-найман арасында,
Созылып бірталайдан келе жатқан,
Арада неше түрлі адам өліп,
Жауласып ру-ру қанға батқан.
Келгендер бітім іздеп Рүстемге,
Қалыда қолға түсіп болды пенде,
Сыпырып атын, тонын жалаңаштап,
Масқара қылды әбден әйгілі елге.

(Жалғасы келесі нөмірде).

Ақ бата - ақ тілек

Маусымның 11-інде облыс орталығында Жетісу облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Ақсақалдар кеңесінің ұйымдастыруымен "Адал азамат" жобасы аясында "Ақ бата - ақ тілек" облыстық байқауы өтті.

Ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатындағы байқау "Баталы сөз - бақ берер", "Батамен ел көгерер", "Ата сөзі - ұрпаққа өнеге" атты 3 кезеңнен тұрды. Аудандар мен екі қаладан қатысқан 10 үміткер немерелерімен бірге өздерін таныстырып, салт-дәстүр тақырыбындағы сұрақтарға жауап беріп, тақырыптық бата арнап, соңғы кезеңде шығармашылық мазмұндағы қорытынды батаны атасы бастап, немересі аяқтады.

Осындай жаңа форматтағы байқауға біздің ауданнан Қазақстанның Құрметті журналисі Жомарт Игіман мен немересі Жарқын Жомарт қатысып, жүлделі 2 орынды жеңіп алды.

Қадыл ЖАНАСБЕКОВ,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Ұлт жүгін арқалаған нар тұлға

Кәкімжан Қазыбаев десе көзі қарақты қауымның ойына бірден «Сұрапыл», «Рақымжан Қошқарбаев» сынды кітаптар оралады. Бірі шындық тұмшаланған уақыттағы қазақ даласындағы ашаршылықты сипаттаған, ал бірі Рейхстагқа ту тіккен қазақ батыры екенін бұлтартпас фактілермен нақтылайтын тарихымыздағы тұңғыш ақиқат туындылар. Сондықтан аталған еңбектердің көптің жадында тайға таңба басқандай сақталуы заңдылық. Ал ол кісінің публицистикадағы еңбегі өз алдына бір төбе. Жалпы, зерттеуші ретінде бүгіндері Кәкімжан Қазыбаев публицистикасы толықтай бағасын алды деп нық айта аласыз ба?

Кәкімжан Қазыбаев – қазақ журналистикасындағы қатардағы тұлға емес, ол қазақ баспасөзінің өркендеу, дамып-қалыптасу жолында ерен еңбек еткен тұлға. Ол 1950-80 жылдағы қазақ журналистикасына жазумен де, кадр-маман даярлаумен де тікелей шұғылданған қайраткер-журналист, реформатор-қаламгер. Сондықтан қазақ баспасөзінде ұзақ жылдар еңбек етіп, публицист, редактор, жазушы ретінде шығармашылық даралығымен, көркемдік, тілдік-стильдік ерекшеліктерімен танылған қаламгердің көркем публицистикалық мұрасын ғылыми жүйеде талдау заман талабынан туындады. Жалпылай алғанда, бүгіндері қалам қайраткерінің еңбегі қоғам тарапынан елеусіз қалып жатқан жоқ. Мүмкіндігінше бағалануда. Өзі оқыған Мамания мектебіне ескерткіш тақта орнатылды, Алматыдан көше берілді. Естеліктер топтамасы мен таңдамалы шығармалары жарық көрді. Бұл тұрғыда жазушының жары Орынша апай мен оның ұрпақтарының еңбегін айта кеткен жөн. Публицистикалық мұрасы мен прозалық шығармалары туралы кандидаттық диссертациялар қорғалды.

М.ЕЛЕУСИЗОВ,

Сарқан ауданының тарихы музейінің ғылыми қызметкері.

Хабарландыру/Объявление

ПРОДАЕТСЯ ДОМ по адресу г.Сарқан, ул. Тауелсіздік 247 с общей площадью 400 кв.м. с земельным участком 22 соток. Имеется баня, гараж, сеновал. Вода и канализация центральное, туалет в доме и на улице. Цена 15 млн., возможен обмен на 3-х или 4-х комнатные квартиры в г.Талдыкорган. **Обращаться по тел: 8 776 737 05 48, 8 775 692 27 26.**

▶ «ЖЕТИСУГИДРОКУРЫЛЫС» ЖШС-нің атына тіркелген Маз автокөлігінің 656AD19 мем.нөмірі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

▶ Аз. Алипов Жанайдар, 2024 жылдың 18 желтоқсан айында қайтыс болуына байланысты ҚР заңнамасы бойынша Қазақстан Республикасының жеке не нотариусы Ерболаев Алмас Алибекович, 2025 жыл 18 маусым күнінен бастап мұрагерлерді қабылдауды бастайды. Мекен жайы: Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі № 100-ші үй, №16 пәтер, Ұ.Т. (+77786589848).

▶ Ерғали Сәтбектің атына тіркелген MITSUBISHI PAJERO автокөлігінің 202ABM05 мем.нөмірі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

▶ Ильясов Ержан Сериковичтің атына тіркелген LADA 21214 автокөлігінің 422AWN05 мем.нөмірі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

▶ Базилов Толеген Женисовичтің атына тіркелген Ауди 80 автокөлігінің тех.паспорты, B096FPN мем.нөмірі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Аудандық білім бөлімі, Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының аудандық комитеті Ақын Сара атындағы орта мектептің директоры Нұрзиля Есенғұловаға анасы

Қамардың

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Сен туған күн, мерекеніңен!

Сарқан қаласындағы облыстық көмекші мектеп-интернатының бастауыш ардагерлер ұйымының төрайымы **Тұрдыхан Шәбденқызын** 13 маусымдағы 75 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз! Сана-лы ғұмырын ұстаздыққа арнаған ардагер ана, немерелерінің сүйікті әжесі айналасына шуақ шашып ұзақ ғұмыр сүрсін деп тілейміз.

Уақыт деген су ғой аққан жылғадан,
Уақыт мәңгі бір орында тұрмаған.
Үлгі-өнеге Сіз ғой туған-туысқа,
Уақыт сізді құрыш қылып шыңдаған.
Тектіліктің тұғыры ғой тұрағың,
Алға адымда, шаттық болып шырағың.
Жетпіс бес жас ғасыр жасқа жалғассын,
Көрген жақсы шаңырақтың шуағын!

Ізгі тілекпен: аудандық ардагерлер ұйымы.



40 жыл бір орында қалтқысыз еңбек етіп, тұрғындардың алғысын арқалаған ақ халатты абзал жан, Пограничник дәрігерлік амбулаториясының акушерка қызметін атқаратын **Қазантаева Бақыт Мусаевнаны** 60 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге осындай мерейлі күні шын көңілімізбен зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз. Бұдан былай да қызыққа толы ғұмыр кешіп, көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне, ризашылығына бөлене беріңіз. Абыройыңыз асқақтай берсін дей отырып, төмендегі өлең жолдарың арнаймыз.

Құтты болсын 60 жастық тойыңыз,
Орындалсын мұрат – арман ойыңыз.
Ұжымыңның құрметіне бөлеңіп,
Өрқашанда биік төрде болыңыз!

Өзіңізге деген ізгі тілекпен: Қарауылтөбе ұжымы Жолдасбаева Гүлмира, Жақсылықова Бүлбүл, Абдрашева Нұргүл.

ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын арттыруды бақылау бойынша құрылған арнайы талдау тобы 2025 жылдың маусым айының 10-11 күні аралығында Сарқан ауданы жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметтерді көрсету саласындағы заңнаманы сақтау бойынша арналған ішкі мемлекеттік бақылау іс-шараларының 2025 жылғы жоспарына сәйкес, Сарқан қаласында орналасқан «Балдырған» санаторлық топты бөбекжай бақшасы мен Шатырбай ауылындағы Шатырбай ауылдық округі әкімінің аппараты мекемесіндегі мүгедектігі бар жандарға мемлекеттік қызметті алуы кезіндегі ыңғайлы әрі кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз ету барысына тексеру жұмыстарын жүргізді.

Шара барысында әдістемелік көмектер көрсетіліп, анықталған кемшіліктерді ретке келтіру бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сарқан ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік қызметтер мониторингі және ақпараттық технологиялар бөлімшесі.

ХАБАРЛАМА

Құрметті тұрғындар! «Сарқан су құбыры» ШЖҚ МКК мекемесінің жұмыс телефоны өзгергенін хабарлаймыз. Бұрынғы нөмірі: 2-17-76.

ЖАҢА НӨМІРІ: 3-01-66. Барлық сұрақтар бойынша енді жаңа байланыс нөміріне хабарласуыңызды сұраймыз.

«Сарқан су құбыры» ШЖҚ МКК әкімшілігі.

УВЕДОМЛЕНИЕ

Уважаемые жители! ГКП на ПХВ «Сарқан су құбыры» информирует об изменении рабочего телефонного номера. Прежний номер: 2-17-76.

НОВЫЙ НОМЕР: 3-01-66. По всем вопросам просим обращаться по новому контактному номеру.

Администрация ГКП на ПХВ «Сарқан су құбыры».